



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентімен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша референдумның табысты өтуімен құттықтады.

Өзбекстан Президентінің айтуынша, референдум нәтижесі Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп жатқан ауқымды реформаларға Қазақстан халқы зор сенім артатынын көрсетеді.

Мемлекет басшысы қолдау білдіріп, халықаралық ұйымдар құрамында Өзбекстаннан байқаушылар миссиясын жібергені үшін Шавкат Мирзиёевке алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституция заман талабына сай келетініне, сондай-ақ мемлекеттің орнықты және жан-жақты дамуын қамтамасыз ететініне назар аударды. Елімізде жүргізілетін алдағы жаңғыртулар кезінде халықаралық серіктестермен, әсіресе көршілес және одақтас елдермен ынтымақтастықты нығайтуға айрықша мән беріледі.

Тараптар стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухындағы қазақ-өзбек қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

Сондай-ақ бұған дейін қол жеткізілген келісімдер мен Жоғары мемлекетаралық кеңес шешімдерінің іске асырылу барысына оң баға беріп, барлық деңгейдегі ықпалдастықты жалғастыруға уағдаласты.

Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулердің кестесін пысықтады.



Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті.

Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстандағы жалпыхалықтық референдумның табысты өтуімен құттықтады.

Қырғызстан Президентінің пікірінше, жаңа Конституция бойынша дауыс беру қорытындысы қазақстандықтардың Қасым-Жомарт Тоқаев қолға алған саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғыру жолын толық қолдайтынын көрсетеді.

Мемлекет басшысы жылы лебізі және Қырғызстаннан байқаушылар жібергені үшін Садыр Жапаровқа ризашылығын білдірді. Сондай-ақ конституциялық реформа мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғанын айтты.

Тараптар қазақ-қырғыз сан қырлы қарым-қатынасын одан әрі нығайту перспективасын талқылады. Екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты жан-жақты тереңдетуге ниетті екендерін растады.

Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар алдағы кездесулердің кестесін пысықтады.

МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ АШЫЛДЫ

Сонымен Қазақстан халқы тарихи таңдауын жасады. Араға 30 жылдан астам уақыт салып, жаңа Конституцияны жақтап дауыс берді. Жексенбі күні еліміз бен шетелдердегі референдум учаскелерінде дауыс беру өтіп, халық өз ұстанымын білдірді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та дауыс берді.



Мемлекет басшысы 15 наурызда Астана қаласындағы Оқушылар сарайында орналасқан №51 референдум учаскесінде дауыс берді. Қасым-Жомарт Тоқаев өз таңдауын жасағаннан кейін отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Президент дауыс беру күнінің еліміздің дамуы мен келешегі үшін ерекше маңызды екенін атап өтті.

— Бүгін — еліміздің тағдырын айқындайтын күн. Баршанызға құтты болсын! Шын мәнінде, бұл — тарихи құжат. Ол азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Сон-

дықтан оның маңызы өте жоғары. Жаңа Конституция еліміздің, жеріміздің тұтастығын, Тәуелсіздігі мен Егемендігін қорғайды. 1995 жылы қабылданған Конституция ерекше рөл атқарды. Еліміз 30 жылдан астам осы құжатпен өмір сүрді. Бірақ заман бір орында тұрмайды. Сол себепті жаңа Конституция қабылдайтын уақыт келді. Бұл жұмысқа мен де белсене атсалыстым. Конституцияның преамбуласын және басқа да нормаларын өзім жаздым. Жаңа Ата заң ел игілігіне, келешегіне қызмет етеді деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ КЕЛІП ТҮСТІ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша референдумның өтуіне орай шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына құттықтау жеделхаттарын жолдады.

Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстандағы конституциялық өзгерістер екі ел арасындағы одақтастық қатынастар мен жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі арттыруға септігін тигізетінін атап өтті.

— Жалпыхалықтық дауыс беру нәтижесі Сіздің мемлекеттік институттарды нығайту және елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуін қамтамасыз ету бағытындағы бастамаларыңыз кенінен қолдау тапқанын толық растады, — деп жазылған жеделхатта.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев ауқымды саяси, әлеуметтік-экономикалық жаңғыру Жаңа Қазақстанның тұрақты дамуына ықпал етіп, халықаралық аренадағы абырой-беделін нығайтатынына сенім білдірді.

— Осы маңызды саяси науқанға азаматтардың белсенді қатысуынан, сондай-ақ референдум нәтижесінен Сіз жүргізіп жатқан реформаларды бауырлас елдің халқы жан-жақты қолдайтынын анық көреміз, — деп жазылған Өзбекстан басшысының жеделхатында.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Мемлекет басшысын референдумның табысты өтуімен құттықтап, екіжақты қатынастардың одан әрі қарқынды дамуы түсетініне сенімді екенін жеткізген.

— Бұл тарихи уақиға еліңізді одан әрі өркендетіп, халықтың әл-ауқатын арттыру жолындағы маңызды қадам болатыны сөзсіз. Сіздің жетекшілігіңізбен ынтымақ-бірлігі жарасқан Қазақстан келешекке қол созып, халықаралық беделін дәйекті түрде нығайтып келеді, — деп жазды Садыр Жапаров.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев саяси жүйені жаңғыртуды және басқару моделін жетілдіруді көздейтін Конституцияның қабылдануын Қазақстан тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы ретінде сипат-

таған. Оның пікірінше, бұл еліміздің серпінді дамуына және халықаралық аренадағы рөлінің күшеюіне оң септігін тигізеді.

Беларусь Президенті Александр Лукашенко Конституциядағы қағидалардың іске асуы Қазақстанның гүлденуіне негіз қалайтынын атап өткен.

— Референдум нәтижесі Сіздің елді жаңғырту және мемлекеттілікті нығайту бағдарыңызға азаматтардың сенімі жоғары екенін тағы да дәлелдеді. Қоғамның Әділетті Қазақстанды құру, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолындағы ауызбіршілігін аңғартты, — деп жазылған жеделхатта.

Қазақстан Президентіне жылы лебізін **Сербия Президенті Александр Вучич** те жолдады.

— Еліңіздің шынайы әрі уақыт тезінен өткен досы ретінде Сіздің өршіл мақсат пен елеулі нәтижеге ұмтылатын әр қадамыңызды ықыласпен атап өтемін. Бұл — күрделі шешімдер қабылдауды, күнделікті және ұзақмерзімді міндеттерді табанды түрде орындауды қажет ететін үлкен жұмыс. Сонымен қатар тәжірибелі әрі парасатты көшбасшылардың қалай батыл шешім қабылдайтынын көрсетеді, — деп жазды Сербия Президенті.

Армения Премьер-министрі Никол Пашинян жеделхатта атап өткендей, жалпыхалықтық дауыс беру қорытындысы Қазақстан азаматтарының ел Тәуелсіздігі мен Егемендігін сақтауға, заң үстемдік құратын бақуатты заманға сай қоғам құруға жауапкершілікпен қарайтынын байқатады.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевқа құттықтау жеделхаттарын Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Нұрлан Ермекебаев, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бас хатшысы Сергей Лебедев, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Әмірәлиев, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының бас хатшысы Таалатбек Масадыхов, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Асад Маджид Хан, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес төрағасы Бақытжан Сағынтаев және тағы басқалар жолдады.

Мемлекет басшысының атына құттықтау жеделхаттары әлі де келіп жатыр.

«АМАНАТ»: ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ



Жаңа Конституцияның қабылдануына және референдумның сәтті өтуіне орай Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының жиыны өтті. Депутаттар дауыс беру нәтижесі азаматтардың тарихи таңдауына айналғанын және Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалар бағытына деген қоғамның кең қолдауын растағанын атап өтті. Іс-шараға бейнеконференцбайланыс режимі арқылы өңірлік мәслихаттардағы партия фракциялары да қатысты.

ШАШЫЛҒАНДЫ БҮТІН ЕТКЕН – ШАҢЫРАҚ



Наурызнама онкүндігіне сәйкес, бүгін «Шаңырақ күні» аталып өтіледі. Халқымыздың сан ғасырлық рухани қазынасының өзегінде отбасы құндылығы тұр. Ол тікелей «Шаңырақ» сөзімен астасып жатыр десек, қателеспейміз. Осы ұғыммен сабақтас «шаңырақ көтеру» атты тағылымды салт-дәстүр қалыптасқан. «Шаңырағың биік болсын!» деу отбасыға арналған ең ізгі ниеттің бірі саналады.

АҚОРДА

17 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ АШЫЛДЫ

(Басы 1-бетте)

КАЗАКСТАН КӨШТЕН ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев конституциялық реформаның негізгі мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ халықаралық жағдай төңірегінде журналистер қойған сұрақтарға жауап берді.

«Время» газетінің тілшісі Тоғжан Ғанидің:

— Әлемдік тәжірибеде конституциялық реформа ұзақ уақытқа созылады. Ал бізде жаңа Конституцияны дайындауға және талқылауға аз ғана уақыт жұмсалды. Бұған халықаралық байқаушылар назар аударып, сынға алды. Сіз бұл жөнінде не дейсіз? — деген сауалына Қасым-Жомарт Кемелұлы толыққанды жауап беріп, іс жүзінде Конституция жобасын әзірлеу қысқа мерзім ішінде өтпегенін айтты.

— Бұған дейін айтқанымдай, Конституция жобасын әзірлеу жұмыстары біраз уақытқа созылды. 2022 жылы Конституцияға өзгерістер енгізілгені өзіңізге мәлім. Сол кездің өзінде жаңа Конституция қабылдауға болар еді. Бірақ біз ондай қадамға бармадық. Дегенмен жаңа Конституция қабылдау туралы идея пайда болды. Шамамен екі жыл бұрын іске кірістім. Елімізге жаңа Конституция қабылдау керек деген ұйғарымға келдім. Қазақстан, ең алдымен, зайырлы мемлекет болуға тиіс. Бұл Конституция елімізді ілгерілететінін ешқандай күмәнмін жоқ. Біз көштен қалмай, прогрестің алдының шебінде жүріміз керек. Озық ел болсақ, басқа мемлекеттер бізге құрметпен қарады. Ел тағдыры өз қолымызда. Сол үшін табанды еңбек ету керек. Алдымызда тұрған ең үлкен мақсат — осы, — деді Мемлекет басшысы.

Расында да, конституциялық реформалар тамыры тереңге кетеді. Президент 2022 жылғы өзгерістерді алға тартқанымен, Қазақстан қоғамында түбегейлі өзгерістерге бет бұру 2019 жылдан басталды. Президент сол жылы және одан кейін халық үніне құлақ асу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрды, бұқараның жағдайын жақсарту, борыш қамытынан құтқару үшін несиелі кешірудің бірреттік шарасын өткізді, зейнетақы қорында жиналған артық қаржыны пайдалану мүмкіндігін қарастыру бастамасын көтеріп, жүзеге асырды. Кейін Ұлттық құрылтай жасакталды, нәтижесінде Конституцияның жанаруына алып келді.

Дегенмен жаңа Ата заң алып келген өзгерістердің мәнін бұрмалап, түрлі қауесет таратушылардың кесірінен ел ішінде тың құжаттағы баптарды әлі де толық түсінбейтіндер кездеседі. Сондай пікірлерге құлақ түрген Jibek joly телеарнасының тілшісі Зулкарнай Ермұрат Мемлекет басшысынан билік транзиті жайлы сұрады.

— Кейбір сарапшылар «Конституциялық реформа — билік транзитіне, Президент сайлауына дайындық» деген пікір айтып жүр. Жалпы, Вице-президент лауазымы не үшін қажет? Осыған қатысты пікіріңізді білсек деп едік, — деді тілші.

Қасым-Жомарт Тоқаев:

— Вице-президент лауазымы туралы әртүрлі әңгіме айтылып жүргенін білемін. Шын мәнінде, бірқатар шет мемлекетте Вице-президент лауазымы бар. Кейбір сарапшылар «Қазақстанда билік ішінде бәсеке өршіп, түрлі үрдістер жүреді, елге зиян келеді» деген пікір білдірді. Бұл мәселеде қоғамға зардап келетіндей қорқыныш жоқ. Вице-президент лауазымы біздің билік институттарын нығайтады. Келешекте бәрі айқын болады. Мемлекет басшысы ретінде бұл лауазымға, жалпы бүкіл реформаға үлкен үміт артып отырмын. Ал Президент сайлауы қазіргі Конституцияға сәйкес 2029 жылы өз мерзімінде өтеді, — деді.

Осылайша, конституциялық реформа астарынан басқаша сипат іздейтіндердің көкейінде жүрген сауалға жауап берді. Мемлекет басшысы 2022 жылғы референдум нәтижесінде Конституцияға енгізілген өзгерістердің бұлжымайтынын меңзеді. Қоғамдағы «Жаңа Конституция қабылданды, Президент те, Парламент те жаңадан сайлануға тиіс» дейтін болжамға құрылған үкімді жоққа шығарды. Биыл заң шығарушы органға депутаттар сайлау науқаны өткенімен, Президент сайлауы өз мерзімінде, 2029 жылы өтетіні белгілі болды.

Zakon.kz сайтының тілшісі Оксана Даированың жаңа Конституцияны бірер ауыз сөзбен сипаттап беру туралы өтінішіне Мемлекет басшысы:

— Бұл — заң мен тәртіп үстемдік құратын Әділетті Қазақстанның Конституциясы, болашаққа бағдарланған құжат. Ата заң алдымен жастарға арналған, яғни жас



буынның темірқазығы болуға тиіс. Жаңа Ата заңның мақсаты — осы. Қазақстан прогрессивті, заманауи мемлекетке айналуы керек. Бұл — біздің алдымызда тұрған ең басты міндет, — деп жауап берді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТТА ӨЗ ҰСТАНЫМЫМЫЗ БАР

Брифингте журналистер Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымына қатысты да сауалдар қойды. Әсіресе, Парсы шығанағында соғыс басталған кездегі ресми Астананың ұстанымына назар аударды. Көпшілік Иранға соққы жасалған сәтте Қазақстан тарапының бірден көңіл айту жолдамағанын түсінбей қалған еді. Араға бірер күн уақыт салып, Иран елшілігіне Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев барып, көңіл айтқан болатын. Ал Президент сол күндері Шығанақ жағалауындағы араб елдерінің барлығының дерлік басшысымен телефон арқылы тілдесті. Бұл жағдай көпшілікті ойландырған еді. Осыған орай TengriNews.kz ақпарат агенттігінің тілшісі Айсұлтан Құлшыманов:



— Қазақстан халықаралық қатығыстарды әрдайым дипломатиялық жолмен шешуді жақтайды. Сіз бұл ұстанымды жақында Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты мәлімдемелеріңіз арқылы растадыңыз. Сондай-ақ Шығанақтағы бірқатар мемлекет басшысымен телефон арқылы сөйлесіп, оларға қолдау білдірдіңіз. Бірақ Иран Президентімен сөйлеспедіңіз. Бұл Қазақстанның бейтарап ұстанымынан айнып, араб елдерін қолдайтынын білдіре ме? — деген сұрақ қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев тілшіге берген жауабында Парсы шығанағындағы соғысқа байланысты Қазақстанның ұстанымы өзгеріске ұқсамайтынын меңзеді.

— Қазақстан әлемге бейбіт ел ретінде белгілі. Кез келген қатығысты дипломатиялық жолмен шешуді жақтаймыз. Бұл — айнымас ұстанымымыз. Таяу Шығыста орын алған жағдайдың түрлі себебі бар. Мен мұны жақында өткен алқалы жиында да айтқанмын. Расында, Шығанақтағы араб елдерінің басшыларымен телефон арқылы сөйлестім, тілектес екенімді жеткіздім. Ал Иран Президенті Масуд

Пезешкианның жақында елімізге ресми сапармен келгенін білесіздер. Сол кезде жақсы әсер қалдырды. Ол — зайырлы көзқарастағы адам, өзі кардиохирург. Мен оның «Иран Шығанақ елдеріне шабуыл жасамайды» деген мәлімдемесін құптадым. Тіпті, ол Иранның атынан кешірім сұрады. Алайда кейін оның мәлімдемесі жоққа шығарылды. Иран араб елдеріне шабуыл жасауды әлі тоқтатқан жоқ. Бұдан Иран Президентінің билікке толық ие емес екені көрінеді. Ол анық. Мен ешкімді айыптамаймын, жай ғана факті ретінде айтып отырмын. Бұл Иран билігінің ерекшелігіне байланысты деп ойлаймын. Бір жағынан, діни билік үстемдік етеді. Өйткені Иранда діни билік негізгі бағыт-бағдарды айқындап, шешім қабылдайды. Президент те бар, бірақ ол — формалды мемлекет басшысы, іс жүзінде ықпалды тұлға саналмайды. Жалпы, кез келген елде, соның ішінде Қазақстанда қос билік болмауға тиіс. Кезінде мұндай жүйені біз де бастан өткердік, бірақ баянсыз болды. Төрт жыл бұрын еліміздің ішкі тұрақтылығына қауіп төнді. Бұл Қазақстанға да, басқа мемлекеттерге де үлкен сабақ болды деп ойлаймын. Біз Иран халқына, оның мәдениеті мен тарихына

көңілден шықты. Мұнда әуелі дәстүрлі дипломатия мен ірі бизнестің мүмкіндіктері ұштасады. Бұл қарапайым халыққа, соның ішінде Газа секторының тұрғындарына нақты пайдасын тигізеді. Әлем халқы бітпейтін конференциялардан жалықты. Аталған жиындарда қабылданатын ізгі ниетті қарарларды аздаған адам ғана оқиды. Сол себепті бұл идеяны қолдау қажет деп ойлаймын. Өйткені тың шешімдер ұсынады. Президент Трамп мықты тұлға ретінде әсер қалдырады. Ол — батыл көшбасшы. Таяу Шығыста, соның ішінде Палестинада бейбітшілік орнату мүмкіндігі әлі де бар екеніне кәміл сенемін. Бұл бастама баянды болады деп үміттенемін, — деп жауап берді.

Осылайша, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның сыртқы саясатының прагматикаға құрылғанын тілге тиек етті. Түрлі жанжалдар мен шиеленістерді шешуде тың шешімдер қажет деп санайтынын меңзеді.

ЖАС КЕЛСЕ — ІСКЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазмедиа» орталығында республикалық референдум аясындағы үгіт-насихат науқанына белсенді қатысқан жастармен кездесті.

Президент бұл тарихи күн екенін атап өтіп, жастарға ризашылығын білдірді.

— Шын мәнінде, бұл күн ел өмірінде мәңгі сақталады. Енді 15 наурыз — Конституция күні болып белгіленеді. Бұл — еліміздің басты құжаты. Мен басқа да мемлекеттердің конституцияларымен танысып шықтым. Біздің Конституциямыз ең үздік Ата заңдардың қатарында тұрады деп сеніммен айта аламын, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент жаңа Конституция, ең алдымен, жастарға арналғанына назар аударды. Ата заңға волонтерлік қызмет, ғылым, инновация, жасанды интеллект сияқты ұғымдар енгізілгеніне тоқталды.

— Ауқымды үгіт-насихат науқаны жүргізілді. Алдымызда жұмыс көп. Енді жазда Парламент сайлауы өтеді. Оны бір ел болып атқаруымыз керек. Бұл жастардың парламенті болуы қажет деп ойлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесуде «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Ескендірова, креативті индустрия өкілі, кәсіпкер Камил Байрамов, белсенді жастар Ержан Хамитов пен Нұрбол Серікбай сөз сөйледі.

Жастар бір ай ішінде түрлі форматта 5 мыңға жуық кездесу өткізіп, оған 1,5 миллионнан аса азамат қатысқанын жеткізді. Сондай-ақ елімізде қолға алынған өзгерістің барлығын қолдайтынын айтты.

15 НАУРЫЗ — КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛДІ

Дауыс беру аяқталғаннан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық референдум барысында жүргізілген экзит-полл қорытындысымен танысты. Зерттеу жүргізген бірнеше орталықтың қорытындылары бір-бірінен алшақ кете қоймағаны байқалды. Еуразиялық интеграция институты жүргізген сауалнама бойынша халықтың 86,7%-ы жаңа Конституция жобасын жақтаса, жаңа Ата заңды қолдаушылар

үлесі «СОЦИС-А» зерттеуі бойынша 87,4%, «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты өткізген экзит-поллда 88,6%-ды көрсеткен.

«Қазмедиа» орталығының студиясында экзит-полл нәтижелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мәлімдеме жасады.

— Бүгін — Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Бұл — өте жақсы оқиға. Қазір ғана экзит-поллдың нәтижелері шықты. Соған сәйкес, қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымызды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүниежүзі тарихында мәңгі сақталады. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмәнмін жоқ. Өйткені бұл — азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды — Конституция күні, яғни еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жанару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл — біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаның да шын жүректен құттықтаймын! — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталды. Мұны еліміздің және шетелдің байқаушылары да айтып отыр.

— Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл — өте жақсы жол. Жаңа Халық Конституциясы елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күмән жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Учаскеге келіп, азаматтық ұстанымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі әлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. «Бірлік бар жерде тірлік бар». Бірлік бар жерде өркендеу бар. Елдің қуаты — бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы қолдаған, жапайы дауыс берген Конституция — еліміздің темірқазығы. — Жаңа Конституция — Тәуелсіздік пен Егемендік тірегі. Ата заңымыз — адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар Әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасадық. Осылайша, бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркеніетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың дауысы, үні өте жақсы естілді. Өрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз — Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осылайша, Мемлекет басшысы халыққа ризашылығын білдірді. Ал бұқара Президент бастамаларын қолдайтынын, болашаққа сеніммен қарайтынын көрсетті. Ал экзит-полл көрсеткіштері нақты деректерден көп алшақтай қоймапты. Дүйсенбі күні Қазақстан Республикасының Референдум жөніндегі орталық комиссиясы республикалық референдумдағы дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады. Есеп-қисапқа қарағанда дауыс беруге құқы бар 12 млн 982 мың 603 адамның 9 млн 127 мың 197-сі референдумда өз таңдауын жасапты. Сайлаушылардың белсенділігі 73,12%-ды құрады. Ал жаңа Конституция жобасын қолдаған дауыс берушілердің үлесі 87,15% болды. Бұл дегеніміз — 7 млн 954 мың 667 адамның үні деген сөз.

Ардак СҰЛТАН

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы:

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Өткен түнде республикалық референдумның алдын ала нәтижелері жарияланды. Соған сәйкес, дауыс берген азаматтардың кем дегенде 86,7 пайызы жаңа Конституцияға қолдау білдіргені белгілі болды. Осылайша, 15 наурыз тарихымызға ел дамуының бағыт-бағдарын айқындаған маңызды дата ретінде жазылып отыр.

Exit Poll қорытындысы таныстырылғаннан кейін Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мәлімдеме жасап, Қазақстан халқы жанару мен жаңғыру үшін дауыс бергенін, бұл – баршаға ортақ жетістік екенін айтты.

Шын мәнінде, референдум нәтижесі – азаматтарымыз ел болашағына бейжай

қарамайтынын және Мемлекет басшысының реформаларын қолдайтынын тағы бір мәрте көрсетіп берді. Қазақстандықтардың белсенділігі мен жоғары азаматтық жауапкершілігі егемен еліміздің демократиялық дамуының мызғымас кепілі екені анық.

Президентіміз атап өткендей, халықтың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Осы орайда дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелген жалпыхалықтық референдумның ашық әрі әділ өткенін және барлық заң талаптары мен халықаралық нормалар қатаң сақталғанын айта кеткен жөн. Отандық және шетелдік байқаушылардың да бағасы осы пікірге табан тірейді.

Сондықтан азаматтарымыз аталған тарихи шешім арқылы елдің ұзақмерзімді даму стратегиясын анықтап, нағыз Халық Конституциясын қабылдады деуге толық негіз бар. Бұл – Әділетті Қазақстан құру жолындағы аса маңызды және тағдыршешті қадам.

Баршаның осы тарихи жекемен шын жүректен құттықтаймын! Алдымызда Тәуелсіздікті нығайту және Отанымызды одан әрі өркендету жолындағы ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Сол бағытта да Мемлекет басшысының саясаты аясында жұдырықтай жумылып, бекем бірліктің озық үлгісін көрсетеміз деп сенемін!

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА БЕЙЖАЙ ҚАРАҒАН ЖОҚ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 19 наурызда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін айқындап, палатаның іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру аясындағы міндеттерді талқылады.



Отырысты ашқан Сенат Төрағасы республикалық референдум еліміздің ұзақмерзімді дамуының бағыт-бағдарын айқындаған тарихи оқиға болғанын атап өтті. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев сенаторларға өңір тұрғындарымен кездесіп, конституциялық нормаларды түсіндіру жұмысына белсенді қатысқаны және реформаның ашықтығын қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді. Кеше Орталық референдум комиссиясы ұсынған алдын ала нәтижелерге сәйкес, референдумға қатысқан азаматтардың 87,15 пайызы жаңа Конституцияны қабылдауды қолдап, дауыс бергені белгілі болды.

«Референдумның алдын ала нәтижелеріне сәйкес, дауыс берген азаматтардың басым көпшілігі жаңа Конституцияға қолдау білдірді. Осылайша, 15 наурыз тарихымызға еліміздің стратегиялық даму бағдарын айқындаған күн ретінде еніп отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазақстандықтар жанару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Референдум нәтижесі азаматтарымыз Мемлекет басшысының реформаларын қолдайтынын және ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Халықтың белсенділігі мен жоғары азаматтық жауапкершілігі – тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуының берік кепілі. Сондай-ақ дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелген жалпыхалықтық референдумның ашық әрі әділ өткенін және барлық заң талаптары қатаң сақталғанын атап өткен жөн», – деді Мәулен Әшімбаев.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес, алдағы бейсенбіде сенаторлар «Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды. Ұсынылып отырған өзгерістер Халықаралық азаматтық авиация ұйымы кеңесінің құрамын 36-дан 40 мемлекетке дейін ұлғайтуға бағытталған. Бұл мүше мемлекеттердің неғұрлым әділ, теңгерімді әрі географиялық тұрғыдан кенірек өкілдік

етуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ техникалық сараптаманы күшейту және ұйымның норма шығару қызметінің тиімділігін арттыру мақсатымен Аэро-навигациялық комиссия құрамын 19-дан 21 мүшеге дейін көбейту көзделіп отыр.

Сонымен қатар палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қаралады. Құжаттың мақсаты – жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы жетілдіру. Заң еңбекті және азаматтарды әлеуметтік қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Осыған байланысты Еңбек кодексіне, Әлеуметтік кодекске, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске, сондай-ақ «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бұдан бөлек, Сенат отырысының күн тәртібіне «Бір тараптан Қазақстанның Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық қайта құру және даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы мен инвестициялар кепілділігінің көпжақты агенттігі арасындағы Қазақстанның орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» заң және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметінен босату туралы мәселе шығарылды.

Бюро отырысында осы аптада өткізілетін іс-шаралар да пысықталды. Атап айтқанда, алдағы күндерде атом өнеркәсібін дамыту, көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың қызметін жетілдіру және өзге де өзекті мәселелер қаралады.

Сондай-ақ депутаттар бұған дейін Парламент Мәжілісі қабылдаған заңдарды Сенат комитеттеріне бөліп берді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыс күн тәртібінің жобасы нақтыланды.



Депутаттарға бірінші оқылымда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» үкіметтік заң жобасын қарау ұсынылады. Құжат мемлекеттік қызметті сервистік және халыққа бағдарлану қағидағарына негізделген модельге көшіруді көздейді. Заң жобасы мемлекеттік аппараттың кәсібилігін одан әрі арттыруға және HR-процестерді цифрландыруға да бағытталған. Сонымен қатар құжатта мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар мен олардың лауазымдық міндеттері айқындалып, мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру шаралары да қарастырылған.

Мәжіліс бірінші оқылымда депутаттар бастамашы болған еңбек заңнамасын

жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді қарайды. Атап айтқанда, Еңбек кодексіне қызметкерлердің заңды мүдделерін қорғауға бағытталған нормаларды енгізу ұсынылады. Соның ішінде еңбек заңнамасының қағидағары мен кепілдіктерін еңбек саласында ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау туралы ережелермен толықтыру көзделген. Түзетулер арқылы жергілікті атқарушы органдардың өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру, мемлекеттік еңбек инспекциясымен, жұмыскерлердің және жұмыс берушілердің өкілдерімен өзара іс-әрекет жасау, сондай-ақ әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік үшжақты комиссиялардың қызметін қамтамасыз ету өкілеттіктері бекітіледі.

Сонымен қатар депутаттар жалпы отырыста Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді қарайды.

Бұдан бөлек, Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция, Қазақстан Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум, сондай-ақ Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның өңірлік орталығын құру бойынша келісімді ратификациялау туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдау жоспарланып отыр.

АУЫЗБІРШІЛІК ПЕН ОТАНШЫЛДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Үкімет басшысы Олжас Бектенос 15 наурызда өткен жалпыхалықтық референдумға орай пікір айтты.

«Біздің еліміз Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен сенімді түрде дамуың жаңа кезеңіне қадам басты.

Кеше жалпыхалықтық референдумда Қазақстан азаматтары ауызбіршілік пен нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетіп, Мемлекет басшысының ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларына жаппай қолдауын білдірді.

Біз сіздермен бірге ауқымды мен маңызды тұрғысынан ел тағдырына қатысты тарихи оқиғаның тікелей куәгері болдық. Президентіміз атап өткендей, қазақстандықтар жанару мен жаңғыру үшін дауыс беріп, мемлекеттімізді нығайтуға өз үлестерін қосты.

Әділетті әрі Өркендеген Қазақстанның жаңа тарихы ұлттық дәстүріміз бен мәдениетімізді ұлықтап, тек демократиялық құндылықтар негізінде қалыптасуда.

Жүргізіліп жатқан өзгерістердің сапасы мен даму қарқынын қамтамасыз ете отырып, бәріміз бірге алға қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Барша қазақстандықтарды Отанымыздың Бірлігі мен Тәуелсіздігінің және Егемендігінің символы болып табылатын жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтаймын!» – деді Премьер-министр.



ДАУЫС БЕРУДІҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумда дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады.

Алынған мәліметтерге сәйкес, референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 12 миллион 482 мың 613 адамды құрады.

Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың 9 миллион 127 мың 192 адамды немесе 73,12 пайызына жетті.

Референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны 7 миллион 954 мың 667 адам немесе 87,15 пайыз болды.

15 НАУРЫЗ
МАРТА



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ

	Референдумға қатысу құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны	Дауыс беруге қатысқан азаматтар саны	Саясаттың оң шешімі үшін дауыс бергендер	Саясаттың теріс шешімі үшін дауыс бергендер	Жарамсыз деп танылған бюллетендер	Жарамды деп танылған, бірақ санау кезінде есепке алынбайтын бюллетендер
Абай облысы	400 830	301 799	253 571	84,02%	40 484	3 621
Ақмола облысы	511 813	407 862	349 283	85,64%	48 822	4 649
Ақтөбе облысы	577 850	501 974	471 661	93,96%	13 659	9 437
Алматы облысы	1 030 876	735 496	591 412	80,41%	122 616	10 911
Атырау облысы	417 426	308 276	242 938	78,81%	54 652	5 825
Батыс Қазақстан облысы	446 999	307 456	250 311	81,41%	48 146	4 797
Жамбыл облысы	722 594	613 722	569 074	92,73%	29 041	8 100
Жетісу облысы	438 381	343 402	309 572	90,15%	24 047	5 253
Қарағанды облысы	758 931	638 421	535 127	83,82%	83 463	11 300
Қостанай облысы	537 586	435 848	391 148	89,74%	31 981	6 624
Қызылорда облысы	493 155	458 090	412 126	89,97%	36 364	4 946
Маңғыстау облысы	444 875	345 554	322 732	93,40%	9 303	7 844
Павлодар облысы	499 411	376 163	354 138	94,14%	11 588	5 565
Солтүстік Қазақстан облысы	365 390	257 172	213 722	83,10%	35 214	4 037
Түркістан облысы	1 189 002	997 273	919 617	92,21%	54 571	12 266
Ұлытау облысы	136 795	99 693	83 475	83,73%	12 992	1 614
Шығыс Қазақстан облысы	485 899	419 093	383 526	91,51%	23 020	6 621
Астана қаласы	1 012 840	615 310	531 149	86,32%	58 576	14 274
Алматы қаласы	1 314 844	437 850	312 437	71,36%	105 757	10 816
Шымкент қаласы	697 116	526 738	457 648	86,88%	53 803	8 058
БАРЛЫҒЫ	12 482 613	9 127 192	7 954 667	87,15%	898 099	146 558
		73,12%				127 868

БАҒДАР

«АМАНАТ»:

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Жаңа Конституцияның қабылдануына және референдумның сәтті өтуіне орай Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының жиыны өтті. Депутаттар дауыс беру нәтижесі азаматтардың тарихи таңдауына айналғанын және Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалар бағытына деген қоғамның кең қолдауын растағанын атап өтті. Іс-шараға бейнеконференцбайланыс режимі арқылы өңірлік мәслихаттардағы партия фракциялары да қатысты.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов қазақстандықтардың басым көпшілігі жаңа Конституцияны қолдағанын атап өтіп, барша азаматты осы жеңіспен құттықтады. Орталық референдум комиссиясының мәліметіне сәйкес, оған қатысқан адамдардың 87,15%-ы жаңа Конституцияға дауыс берді. Оның айтуынша, мұндай жоғары нәтиже азаматтардың саяси мәдениеті артқанын және олардың Әділетті Қазақстанды құруға деген ұмтылысын айқын көрсетеді.

«15 наурыз ел шежіресінде елеулі орын алған тарихи оқиға болды. Бұл – жұртқымыздың жұмылдырған, ұлтқымызды ұйыстырған айтулы күн. Қуатты, Әділетті, Прогрессивті Қазақстанды таңдаған күн. Ол – мемлекет дамуындағы жаңа кезеңнің басталуы. Референдум халқымыздың Президент реформаларына зор сенім артып отырғанын айқын көрсетті. Жаңа Ата Занды миллиондаған отандасқымыздың талап-тілегі, үміті мен сенімі көрініс тапты. Сондықтан жаңа



Конституцияның қабылдануы – бүкіл халқымыздың жеңісі. Ол елімізді тек биік белестерге, ұлы мұраттарға жетелей береді деп сенемін», – деді ол.

Ерлан Қошанов жаңа Конституцияның қабылдануы мемлекетіміздегі түбегейлі өзгерістердің бастамасы екенін атап өтті. Енді жаңа Конституцияның әрбір бабы маңызды нормаға айналып, адамдардың игілігі жолында қызмет етуі үшін әлі де көп

жұмыс атқару қажет. Бұл қоғамның барлық прогрессивті тобының күш-жігерін біріктіруді талап етеді, ал «АМАНАТ» партиясы Президенттің саяси тірегі ретінде осы жұмыстың алдығы шебінде болуға тиіс. Сондай-ақ ол «АМАНАТ» партиясының мүшелері жалпыұлттық коалиция құрамында ауқымды түсіндіру жұмысын жүргізгенін, еліміздің барлық өңіріне барғанын, адамдардың үміті мен тілегін жақсы білетінін

және енді олардың толық орындалуы маңызды екенін атап өтті.

Жаңа Конституцияның қабылдануына орай, жиын барысында «АМАНАТ» партиясының Үндеуі де қабылданды. Құжат мәнін партияның Аткарушы хатшысы Дәулет Кәрібек оқып берді. Онда 15 наурыз күні халық тарихи әрі саналы таңдау жасап, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалар бағытына бұрын-соңды болмаған қолдау

білдіргені атап өтілді. Бұл – қазақстандық азаматтар сенім артатын, күн сайын өз тиімділігін дәлелдеп, мемлекетті өзгерістерге жетелейтін бағыт. Сонымен қатар «АМАНАТ» партиясы Мемлекет басшысының жетекшілігімен Ата Заң нормаларын жүзеге асыру және өркендеген Қазақстан құру жолында өзінін барлық ресурсын – Парламент пен мәслихаттардағы фракцияларын, өңірлік филиалдар желісін, жастар және волонтерлер құрылымдарын жұмылдыратыны айтылды.

Отырыс барысында фракция депутаттары да сөз сөйледі. Ерлан Саиров геосаяси тұрғыдан бекітіліктің пен тұрақсыздық жағдайында Қазақстанға мемлекеттің тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік беретін жаңа Конституция қажет екенін айтты. Сергей Пономарев жаңа Конституция қоғамдық келісімді нығайтып, қазақстандық қоғамның этносаралық бірлігі сияқты негізгі гуманитарлық құндылықтарды сақтайтынын атап өтті. Нартай Сәрсенғалиев жаңа Конституцияны қолдау ісіндегі жастар қауымының белсенді рөліне назар аударды. Оның айтуынша, белсенді жастар тұтас ел аумағында мыңдаған кездесу өткізді. Сондай-ақ ол Конституцияда волонтерлер қызметінің бекітілуі жастардың азаматтық белсенділігі артып келе жатқанын айқындайтынын атап өтті. Юлия Кучинская референдум қоғамдық пікірін ауқымды «көрінісіне» айналып, қазақстандықтардың саяси кемелдігі мен азаматтық жауапкершілігінің жоғары деңгейін байқатқанын мәлімдеді. Ал Еркін Әбіл пропорционалды сайлау жүйесін енгізу және партиялардың рөлін күшейту қадамы мазмұнды саяси бәсекелестікке жағдай жасайтынын атап өтті. Мұндай жағдайда сайлаушылар ең алдымен кандидаттың жеке тұлғасын емес, оның бағдарламасы мен ұсынған идеяларын бағалайды.

Фото Талғат ТАНЫБАЙ

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Астанада «АМАНАТ» партиясы байқаушыларының жалпыұлттық референдумдағы дауыс беру қорытындыларына арналған брифинг өтті. Жиында референдум күні байқаушылардың атқарған жұмысы, дауыс беру процесінің ашықтығы мен заңдылығы, сондай-ақ қоғамдағы саяси белсенділік мәселелері сөз болды. Баспасөз конференциясында «АМАНАТ» партиясы Саяси жұмыс департаменті директорының орынбасары, партия байқаушыларының жұмысын үйлестіруші Гүлнәр Нұрахметханова және партияның Саяси жұмыс департаментінің қызметкері Арғын Теміржанов сөз сөйледі.

Жүйелі дайындық жұмысы нәтижесінде мониторинг барысы сәтті өткізілді. Атап айтқанда, 2-13 наурыз аралығында байқаушылар корпусына арналған арнайы оқу семинарлары ұйымдастырылды. Оның барысында қатысушыларға сайлау құқығының талаптары, бақылау жүргізу регламенті және барлық дауыс беру кезеңінің ашықтығын қамтамасыз ететін құқық тетіктері егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Гүлнәр Сейітқазықызының айтуынша, референдумға дейін байқаушылар арнайы дайындықтан өткен. Бұл мақсатта онлайн және офлайн форматта семинарлар ұйымдастырылып, онда байқаушылардың құқықтық міндеттері, дауыс беру процесіндегі рөлі мен референдум күні атқарылатын жұмыстар жан-жақты түсіндірілген. Сонымен қатар байқаушылар әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізіп, өз учаскелеріндегі жағдай туралы ашық ақпарат таратып отырған.

– 20 мыңнан астам байқаушы дайындықтан өтті. Дегенмен заң талаптарына сәйкес, референдум күні әр қоғамдық бірлестіктен бір ғана байқаушы учаскеде отыруға құқылы. Ел бойынша 9777 дауыс беру учаскесі тіркелді. Сол себепті бір уақытта сонша байқаушы жұмыс істеді. Ал кейбір учаскелерде өзара келісім бойынша байқаушылар ауысыммен қызмет атқарды, – деді Саяси жұмыс департаменті директорының орынбасары.

Өз кезегінде, партия өкілі Арғын Теміржанов маңызды қоғамдық-саяси оқиға барысында пікір білдірді.

– Байқаушыларымыз ел аумағындағы барлық учаскеде жұмыс істеді. Жалпы алғанда, дауыс беру барысы тыныш, ұйымдасқан және ашық жағдайда өтті.



Таң мезгілінен бастап-ақ азаматтардың жоғары белсенділігін байқалды. Учаскелерге отбасымен бірге келген адамдар көп болды. Олардың арасында алғаш рет дауыс бергендер де бар. Бұл қоғамның жоғары азаматтық жауапкершілігін және ел болашағына деген қызығушылығын көрсетеді, – деді ол.

Байқаушылар қызметі қоғамдық негізде жүзеге асырылғандықтан, олардың жауапкершілігі ерекше болғаны атап өтілді. Спикердің сөзінше, байқаушылар өз міндеттерін адал атқарып, дауыс беру процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге үлес қосқан.

Референдум барысында бірқатар заңбұзушылық пен техникалық сипаттағы ұсақ кемшілік те тіркелген. Мәселен, кейбір учаскелерде азаматтардың дауыс беру процесіне кедергі келтіруге тырысқан жағдайлары болған. Сондай-ақ ұйымдастыру жұмыстары барысында жекелеген техникалық олқылықтар байқалған. Алайда бұл жайттар жалпы дауыс беру процесіне елеулі әсер етпеген.

Брифинг барысында референдумның қоғамдағы саяси белсенділікке әсері де сөз болды. Гүлнәр Сейітқазықызының пікірінше, соңғы жылдары азаматтардың саяси мәдениеті мен қоғамдық белсенділігі айтарлықтай артқан. Кешегі референдум соның нақты дәлелі болды.

– Азаматтар референдумға жоғары белсенділікпен қатысты. Көптеген учаскеде мерекелік көңіл күй байқалды. Бұл – қоғамның ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсетеді, – деді Гүлнәр Нұрахметханова.

Референдумға тек партия байқаушылары ғана емес, өзге де қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысқан. Жалпы саны 34 мыңнан астам байқаушы, оның ішінде тәуелсіз

бақылаушылар да дауыс беру процесін бақылаған. Учаскелер жабылғаннан кейін олар өз пікірлерін әлеуметтік желілерде бөлісіп, дауыс беру барысының ашық әрі заң аясында өткенін атап өтті.

Сондай-ақ референдум күні еліміздің түрлі өңірінде ерекше әрі қызықты оқиғалар болған. Мәселен, Түркістан облысында 100 жасқа толған қариялар дауыс беруге келсе, көптеген аймақта алғаш рет дауыс берген 18 жастағы жастар белсенділік танытқан. Ал Маңғыстау облысында жас жұбайлар жаңа шаңырақ көтерген күні бірге дауыс беріп, азаматтық ұстанымдарын білдірген. Ұлттық киім киіп келген азаматтар мен өнер көрсетіп, мерекелік көңіл күй сыйлаған тұрғындар да көп болған.

Брифинг барысында партия өкілдері референдум барысын бақылауға қатысқан барлық байқаушыға алғыс білдірді. Сонымен қатар қазақстандықтарға саяси белсенділік танытып, ел тағдырына қатысты маңызды шешім қабылдауға қатысқаны үшін ризашылықтарын жеткізді.

Айта кету керек, референдум және сайлау туралы заңнамаға сәйкес, байқаушыларға қаржы төлеу қарастырылмаған. Себебі байқаушы қызметі қоғамдық негізде жүзеге асырылатын жұмыс саналады.

Бұған дейін Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы ел аумағындағы республикалық учаскелердегі дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялаған болатын. Комиссия деректеріне сәйкес, дауыс беруге қатысу деңгейі 73,12 пайызды құрады. Бас-аяғы дауыс беруге 9 127 192 адам қатысты.

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, ұсынылған өзгерістерді қабылдауды 7 954 667 адам, яғни дауыс беруге қатысқандардың 87,15 пайызы қолдап дауыс берді. Ал 898 099 азамат қарсы дауыс берді. 146 558 бюллетень жарамсыз деп танылды.

«ЖАСТАР РУХЫ» ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ЖҮРГІЗДІ

Кеше «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері ел аумағында ауқымды акция бастап, ақпараттық-түсіндіру науқаны аясында орналастырылған үгіт-насихат баспа материалдарын жинау және қоғамдық орындарды тазарту жұмыстарын қолға алды.



Бір ай бойы жүргізілген ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында жастардың белсенді қатысуымен республика бойынша 4 миллионнан астам үгіт плакаты, паракшалар мен лифлеттер орналастырылды. Референдум аяқталғаннан кейін белсенділер мен еріктілер қоршаған ортаның және қоғамдық орындардың тазалығын сақтау мақсатында оларды жинау жұмыстарын ұйымдастырды.

Тазалық акциясы қоғам тарапынан кең қолдау тапқан Мемлекет басшысының жалпыұлттық «Таза Қазақстан» бастамасы аясында өтуде. Жаңа Конституцияда қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам аударылды.

«Жастар Рухы» белсенділерінің айтуынша, бұл бастама – тек науқанның қорытынды кезеңі ғана емес, сонымен қатар қоғамда жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Ақтөбе қаласындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсендісі Владислав Толочко, «Біз үшін тек ақпараттық науқан

өткізу ғана емес, атқарылған жұмысқа жауапкершілікпен қарау да маңызды. Сондықтан жапсырылған үгіт материалдарын жинау арқылы қалалар мен елді мекендердің тазалығын сақтауға өз үлесімді қосып жатырмыз. «Таза Қазақстан» – бұл жай ғана экологиялық акция емес, әр азаматтың өз еліне деген жауапкершілігі мен қамқорлығының көрінісі», – деді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай тазалық акциялары еліміздің барлық өңірінде жалғасады. Бұл бастамалар жастар арасында экологиялық мәдениетті арттыруға, сондай-ақ қоршаған ортаға жауапкершілікпен және ұқыпты қарау қағидаттарын нығайтуға ықпал етеді. Айта кетейік, науқан аясында республика бойынша ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, шамамен 5 мыңға жуық кездесу ұйымдастырылып, онда 1,5 миллионнан астам жас қамтылды. Сонымен қатар офлайн және онлайн форматта түрлі ақпараттық-үгіттік іс-шара, әртүрлі акция, өңірлік перформанстар және ірі орен-аір форматтың іс-шара өтті.

Бетгі дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ТРАНЗИТТІҢ ТАҒДЫРЫ ҚАЗАҚСТАНДА ШЕШІЛМЕК

Ормуз бұғазының бұғатталуы, логистиканың тұйықталуы әлемді тығырыққа тіреп, баламалы бағыт іздеуге мәжбүр етті. Геосаяси құбылмалы кезеңде Қазақстанның транзиттік әлеуеті ұлттық қауіпсіздік пен жаһандық ықпалдың тетігіне айналады. Президент соңғы Жолдауында «аймақтардың көлік байланысына қатысты мәселемен мықтап айналысу» міндетін қойған-тын. Себебі қазақ елінің географиялық артықшылығы бүгінде жаңаша мазмұнға ие болды. Шығыс пен Батыстың арасын жалғаған алтын көпірдің ахуалы мен болашағы қандай?

Айхан ШӘРІП

ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНДАҒЫ СЕРПІН

Ормуз бұғазындағы колдан жасалған тығырық әлемдік сауда жолдарының қаншалық нәзік жүйе екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бір ғана теңіз өткеліндегі кідіріс мыңдаған шақырымға созылған экономикалық тамырларды тарылтып, континенттер арасындағы сауда ағынын тежей алады. Демек, Еуразияның кіндігінде орналасқан Қазақстанның стратегиялық рөлі бұрынғыдан да ірілене түспек. Еліміз арқылы өтетін құрлықтық дәліздер бұғаз сияқты тар қылтағарға тәуелділіктен біршама құтқаруға қауқарлы. Бірақ бұл үшін Қазақстан өзіндегі логистиканың тар тұстарын кеңейткені абзал. Бытыр ел аумағы арқылы жүк тасымалдау көлемі 1 миллиард тоннадан асып, ұлан-ғайыр даламыздың жаһандық саудадағы салмағын айқын аңғартты. Алайда, Президент атап өткендей, қолда бар мүмкіндіктің әлі де игерілмеген тұстары зор. Транзиттік мүмкіндіктерімізді толыққанды игеру арқылы Еуразияның басты көлік хабына айналуды тиісіз.

— «Солтүстік — Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс — Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі. Сондай-ақ біз үшін Транскаспий көлік бағытын дамытудың маңызы арта бастады. Бұл бағыттардың бәрі біртұтас жүйе сияқты жұмыс істеп, елімізге едәуір табыс әкелуі керек, — деген еді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында.

Географиялық артықшылықты экономикалық капиталға айналдыру үшін тек жол салу жеткіліксіз, сол жолдарды жаһандық сауданың ажырамас бөлшегіне айналдыратын жүйелі шара қажет. Және осының бәрі Қазақстанның өз ішіндегі қатынастың дамуына және жол құрылысына соны серпін беруге тиіс. Сондай-ақ инфрақұрылымды жақсартуға жана инвестиция тартып, сапалы жұмыс орындарын ашуға ықпал етсе жөн. Осы орайда Мемлекет басшысы шифрлық тәсілдерді ауқымды түрде қолдануды тапсырды: онысы ешқандай тиімділік болмайды.

Қ.Тоқаев 2026 жылғы ұзындығы 836 шақырым болатын Достық — Мойынты теміржолының екінші желісі іске қосылатынын мәлімдеді. Жобаны Қазақстан өз күшімен әрі өте қысқа мерзім ішінде жүзеге асырды. Бұл жолдың мән-маңызы ерекше: «Шығыс — Батыс» бағытының жүк өткізу мүмкіндігін айтарлықтай арттырды.

Үкіметте жол-көлік саласына Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр жетекшілік етеді: «Теміржол саласында 2025 жылы ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Достық — Мойынты учаскесі мен Алматы стансасының айналма теміржол желісі іске қосылды, 1,5 мың шақырымнан астам жол жаңартылды, шамамен 320 млн тонна жүк тасымалданды», — дейді ол.

2025 жылы ақылы жолдардан 87 млрд теңге кіріс түсті. Қаражат жолдарды күтіп ұстауға бағытталды және 1 456 арнайы техника мен жабдықтар сатып алынды. 354 мың шаршы метр жол жабынына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

2026 жылғы жоспар шеңберінде теміржол саласында Дарбаза — Мақтаарал, Мойынты — Қызылжар желілерінің құрылысы, Алтынкөл — Жетіген, Бейнеу — Маңғыстау учаскелерін жаңғырту жұмыстарын аяқтау, сондай-ақ Бакты — Аягөз жобасын жалғастыру көзделген. Бұл жобалар еліміздегі теміржол жүйесінің толық қанқасын қалыптастырады.

ӨНІРЛІК ТЕНСІЗДІКТЕН — БІРТҰТАС ЖЕЛПЕ

Сондай-ақ Мемлекет басшысы негізгі дәліздер аясында автомобиль жолдарын дамытуға баса мән берудің маңызын нұсқады. Жол салған кезде транзиттік дәліздерге баса көңіл аударған жөн. Президент Сексеуіл — Бейнеу жолының құрылысын тездету міндетін қойды. Осы жолдың арқасында Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау мерзімі үштен бірге қысқарды.

Р.Склярдың мәліметінше, автомобиль жолдары саласында 13 мың шақырымға жуық жол құрылысы және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қызылорда — Жезқазған (Қызылорда облысы аумағында), Қалбатау — Майкәшпашағай және Ұзынағаш — Отар жобалары аяқталды.

Жалпы ұзындығы 11 мың шақырымды қамтитын жол құрылысы мен реконструкциялау жұмыстары жалғасуда. Атап айтқанда, Қызылорда — Жезқазған автожолында (Ұлытау облысы аумағында) жұмыстар жүргізіледі. Орталық — Батыс жобасын жүзеге асырудың белсенді кезеңі басталды. Сондай-ақ Қарағанды — Жезқазған, Ақтөбе — Қызылорда және Бейнеу — Сексеуіл жобаларын бастау жоспарланған.



бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2028 жылға дейін 37 пунктті жаңғырту жоспарланған. 2025 жылдан бері 14 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасты. Сондай-ақ 5 пунктте жүк көліктеріне арналған сервистік аймақтар салынып жатыр. Қалған 23 өткізу пункттері бойынша дайындық жұмыстары басталды.

АҚЫЛЫ ЖОЛДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ

Ақылы автомобиль жолдарының инфрақұрылымын дамыту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр екен. Қазіргі кезде ел аумағында жалпы ұзындығы 4 900 шақырымды құрайтын 26 ақылы жол телімі бар. Ауқымды күрт өседі: биыл жана 6 ақылы учаскені енгізу жоспарланған. Сондай-ақ ақылы жолдарда ақаулар анықталған жағдайда жол жүру ақысын уақытша тоқтату нормасы енгізілді. Бүгінде 14 учаскеде жалпы көлемі 1 млн 100 мың шаршы метр ақау тіркелді. Жөндеу жұмыстары жол-құрылыс маусымы басталысымен қолға алынды. Азаматтардың өтініші бойынша төлем мерзімі 7 күннен 30 күнге дейін ұзартылмақ. Бұл өзгерістер мемлекеттік органдардың келісімінен өту үстінде.

«2025 жылғы ақылы жолдардан 87 млрд теңге кіріс түсті. Қаражат жолдарды күтіп ұстауға бағытталды және 1 456 арнайы техника мен жабдықтар сатып алынды. 354 мың шаршы метр жол жабынына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Қыста 340 мың текше метр көктайпаққа қарсы материал себілді», — делі басқарма төрағасы.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету — басым бағыт. Д.Иманашев ақылы жол телімдерінде қозғалыс қарқындылығы 20%-ға артқанына қарамастан, жол-көлік оқиғаларының саны 8%-ға төмендегенін жеткізді. Қолайлы ауа райы кезінде жедел шара қабылдау нәтижесінде, эвакуацияланған азаматтар саны 3 есе қысқарды. Сондай-ақ былтыр 700 мыңнан астам автокөлікке коллоннамен сүйемелдеу қызметі көрсетілді.

Су тасқыны жол инфрақұрылымының тармау тұстарын өшкереледі. Су басумен күрес кезінде қызыл суды өткізу үшін қаншама жол қазылып, бұзылды. Өйткені

ЖӘРМЕҢКЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЖОЮҒА СЕП

Аймақ жұмыссыздықпен күрес жүргізіліп жатыр. Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, Қарағанды облысында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3%-ды құрайды.

АӘбембет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Астанада Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өткен болатын. Сол отырыста басты мәселелердің бірі халықты жұмыспен қамту тақырыбы болды. Жиында айтылғаны 2025 жылдың қорытындысы бойынша елде 2,9 млн сапалы жұмыс орны сақталып, 2026 жылы өнірлік жұмыспен қамту карталары аясында 547,7 мың адамды жұмысқа орналастыру болды. Жиында жұмыс орнындағы адам қауіпсіздігі мен қорғалуы да қаралды. «Цифрландыру жағдайында ыңғайлы әрі түсінікті коммуникация құралдарын енгізу маңызды», — деп есептейді Аида Балаева.

Сонымен қатар тараптардың келіп-діктерін, құқықтары мен міндеттерін айқындайтын еңбек шартын әзірлеу тапсырылды.

Ведомствоның басым міндеттерінің бірі — мүгедектігі бар адамдарды кешенді әлеуметтік қорғау. Оларды жұмыспен қамту тәсілдерін жетілдіру, техникалық қажет құралдармен қамтамасыз ету және инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін арттыру мәселелері өзекті екені айтылды. Сондай-ақ мүгедектігі бар балаларды дамыту мен әлеуметтендіруге ерекше назар аударылды.

бұхгалтер және басқа да мамандықтар бойынша сертификаттар алды.

Оқу мерзімі біліктілік пен дағдылардың ерекшеліктеріне байланысты 6 айдан аспайды. Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Бастау Бизнес» облысы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту жүргізілді. Нәтижесінде, 726 адам сертификат алды. Әлеуметтік осал топтағы жастарға 400 АЕК (1 572 800 теңге) мөлшерінде 62 грант берілді.

Гранттар тафтинг стиліндегі кілемдер өндіру, табиғи компоттар шығару, ерлер кімін жеке тігу, жедел тағам дайындау цехын ұйымдастыру, автокөлік қаптамаларын тігетін ателье ашу және басқа да жобаларға берілді.

Сонымен қатар электрондық еңбек биржасында (skills.enbek.kz) 750 адам онлайн-оқытудан өтті. Электрондық еңбек биржасының «Мансап компасы» цифрлық экожүйесі (mansap.enbek.kz) іске қосылды. Платформадағы деректер күн сайын жаңартылып отырады. Онда жалақысы 300 мыңнан 700 мың теңгеге дейінгі 400 сұранысқа ие мамандық бойынша ақпарат ұсынылған.

Студенттердің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында электрондық еңбек биржасында өндірістік практика функционалы іске қосылды. Қалалар мен аудандарда тұрақты түрде бос жұмыс орындары жәрменкелері өткізіледі. Потенциалды жұмыс берушілер қатарында барлық меншік нысанындағы ұйым мен кәсіпорын бар.

2025 жылғы барлығы 145 бос жұмыс орындары жәрменкесі өткізіліп, оған 1 560 жұмыс беруші қатысты. Жалпы саны 24 562 бос жұмыс орны ұсынылды.

Мобильді топтар мемлекеттік жұмыспен қамтуды қолдау шараларын түсіндіру мақ-



сатында шалғай ауылдарға шығады. Өткен жылы мамандар 375 рет іссапарға жіберілді. Жақында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде студент жастар үшін маңызды шара — «Карьера Start» бос жұмыс орындары жәрменкесі өтті. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл іс-шара университет пен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып, болашақ мамандардың еңбек нарығына еркін бейімделуіне жол ашады. Іс-шара барысында өндіріс 90-ға жуық жетекші компаниялары, ұлттық және халықаралық ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер өздерінің бос жұмыс орындарын ұсынды. Оның ішінде ірі зауыттар мен өндірістік кәсіпорындардың 60-тан астам өкілі келді. Студенттер жұмыс берушілермен тікелей

олардың суағарлары қарастырылмапты. Биыл да солай болмай ма? «ҚазАвтоЖол» басшысының мәлімдеуінше, су тасқыны кезеңіне дайындық кешенді түрде жүргізіліп жатыр. 2024-2025 жылдары бір мыңнан астам су өткізу құбырлары салынып, жөндеу жұмыстары жүргізілген, қауіпті учаскелер саны 2 есеге қысқарыпты. Мұның сыртында тасқынның алдын алу үшін әкімдіктермен бірлесіп, 219 қарьерден инертті материалдар қоры жеткізілді.

САПА МЕН ТӨЗІМ СЫНАҒЫ

Көлік министрі Нұрлан Сауранбаевтың хабарлауынша, Қазақстанда 7 халықаралық автомобиль дәлізі құрылды. Жалпы, 95 мың шақырым автомобиль жолы бар. Оның ішінде 25 мың — республикалық жол. Бәрі Көлік министрлігіне қарайды: нормативтік жағдайы 94%-ды құрайды. Жолдардың басым бөлігі — 70 мың шақырымды облыстық және аудандық жолдар, яғни жергілікті органдар жауапкершілігінде. Оның нормативтік жағдайы — 91%. Республикалық маңызы бар жолдарда нормативтік жағдайы шамамен бір деңгейде сақталған. Ал жергілікті жолдар бойынша батыс өңірінде жолдардың нормативтік деңгейі нашарлау көрінеді.

— Алдағы үш жылда жергілікті органдармен бірге, өнірлік жолдарды жөндеу жұмысымен қамтуды 5 есе арттырамыз. Жұмыстың нәтижесінде, 25 мың шақырым өнір жолдарының нормативтік деңгейін 95%-ға өлшеу көтереміз. Бұл жұмыстарды атқару үшін ведомстволық нормативтерге тиісті өзгерістер қабылданды. Қазіргі уақытта стандарттарға өзгерістер енгізу жұмысы аяқталып қалды. Түсіністік бар, жергілікті органдар жұмыстарына кірісіп жатыр, — делі көлік министрі.

Республикалық жолдарға екі рөл жүктеліпті: біріншінен, өз өңірлеріміз арасында байланыс орнату. Екіншіден, халықаралық транзитті дамыту. Бұл ретте Қазақстанда 7 автокөлік коридоры қалыптасты. Өткен жылдары оның 4-еуі аяқталды: Қалбатау — Майкәшпашағай, Талдықорған — Өскемен, Атырау — Астрахань және Қарағанды — Алматы. «Бұл жолдардың жалпы ұзындығы — 2 мың шақырым. Көлік қозғалысы өсіп жатыр және кейбір дәліз шектен тыс жүктемені жұмыс істейді. Сондықтан алдымызда жана жобалар бар», — делі Көлік министрі. Жана жоба қатарында Темірбаба — РФ шекарасы (Түрікменстан — Ресей дәлізінің бір бөлігі), Бейнеу — Сексеуіл (Транскаспий бағытын 1 мыңдай шақырымға және жүк жеткізу мерзімін 3 күнге қысқартады) аталды.

Бірақ сала мамандары жол құрылысындағы проблемаларды да нұсқап жүр. Мысалы, жана жолдарда әлі күнге асфальт-бетон жабыны қолданылады, ол тек 8 тонаға дейінгі өстік жүктемеге есептеледі. Үлкен қарқынды қозғалысқа және аптап ыстыққа шыдамайды. Соның кесірінен, жазғы мерзімде жүк көліктерінің қозғалысына шектеу қойылады. Бұл транзиттің дамуына кедергі. Дамыған елдерде жазда, тіпті автопайыздар жүйеткіп жүреді. Қазақстан цемент-бетон жабынына көшкені жөн: ол ауыр жүктемеге төзімді. Қызмет ету мерзімі 40 жылға жетеді. Транзиттік дәліздерде жол жабының дұрыс тандау маңызды.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның көлік-логистикалық стратегиясы — бұл тек тасымалдың қамы емес, елдің ертеңгі бақуаты өмірін іргетасы. Жол азапты болмаса, сонғы өзі — бақыт. Сол бақытқа апарар жолдың сапасы мен қауіпсіздігі бүгінгі атқарылып жатқан ауқымды істің нәтижесіне тікелей байланысты.

РУХАНИЯТ

17 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

КӨНЕ МУЗЕЙ

Қолдосы



Музей – елдің мәдени қоры, ұлттық қазынасы. Әр елдің қанша жылғы тарихы музейлер арқылы сөйлейді. Елімізде тарихты келешек ұрпаққа мұра етіп жеткізіп отырған 282 музей бар екен. Оның ішінде 51-і тарихи музей болса, 114-і өлкетану бағытында қызмет атқарады. Қалған музейлер табиғи, мемориалдық, өнертану бағытында жұмыс істеп тұр. Еліміздегі ең көне музейлердің бірі БҚО-да орналасқан. Тарихи жәдігерге бай батыс өңіріндегі музейдің тарихы тереңде, іші құнды жәдігерге толы. Тек бір өтпеген-айы бар. Музей ғимараты әбден ескірген. Мәдени мұра жанашырларының облысқа жақсы бір заманауи музей керек-ақ деп жүргеніне біраз болды.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

ҒАСЫРДАН АСҚАН ҒИМАРАТ

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі – Қазақстанның көне музейлерінің бірі. Бұл музей 1836 жылы құрылған. Ал музей ғимараты 1879 жылы қазақ-орыс колонер мектебі ретінде мавритан стилінде салынған. Ғимарат екі қабатты және жартылай жерте бөлмесі орналасқан. Кезінде осы бөлмелердің бәрінде әртүрлі саладағы оқу орындары мен ұйымдар орналасқан екен. Алғашқы кездері қазақ-орыс мектебі болған. Ал азамат соғысы кезінде, 1919 жылдың аяғынан бастап бұл ғимаратта облыстық әскери комиссариат жұмыс істеген. 1920-1930 жылдары осы ғимаратта қалалық техникалық училище болды. Кейін ол училище БҚО ауыл шаруашылығы институтына берілгеніне білеміз. 1973 жылы Орал облыстық атқару комитетінің шешімімен ғимаратқа мәдениет басқармасы көшіп келген. Ал қазір осы ғимарат БҚО тарихи-өлкетану музейі қызметін атқарып тұр. Ғимарат сыртынан қарасаңыз өте әдемі, сәнді көрінеді.

Ғимарат тарихи-сәулет ескерткіші болғанымен, әу баста музей қорына арналып салынбаған. Сондықтан да облыста музей қорын сақтау мәселесінде біраз қиындық бар.

– Ғимарат өте ескі. Әрі музей жұмысына ыңғайланбаған. Мәдени мұраларды сақтау жөніндегі заң жобасында әр жәдігерді қалай сақтау керегіне дейін көрсетілген. Жазылған ережесі бар. Бірақ сол талапты сақтау үшін ғимарат кейде сәйкеспей жатады. Мысалы, күннің дұрыс түсуі, бөлменің жарығы деген мәселелер жәдігерлерді ұзақ, сапалы сақтау үшін өте қажет дүниелер. БҚО-ға заманауи жақсы музей ғимараты керек. Күні кешегі Құрылтай отырысында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени мұраларды жаңғырту мәселесі, музей ісі туралы атап өтті. Біз өз кезегімізде облыс басшылығына облысқа жақсы музей ғимараты керек деген ұсынысымызды жібердік. Басшылық қолдап отыр. Енді қазір сметалық құжатын жасауға тырысып жатырмыз. Кейін орын мәселесі шешіліп, бюджеттен қаржы бөлсе, Орал қаласында заманауи жақсы музей ғимараты салынып қалар деген үмітіміз бар, – дейді БҚО тарихи-өлкетану музейінің директоры Жантас Сафуллин.

Жалпы, БҚО бойынша 20 музей бар. Қазір музейлердің жұмыс жоспары қайта қаралып жатыр. Жантас Набиоллаулының айтуынша, музейдегі әр жәдігер көрермен тартудың кілті болуы тиіс. Ол үшін облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі жәдігерлердің каталогын жасауды бастапты.

– Биыл облыстық музейге 190 жыл болады. Музей қорында 200 мыңнан астам жәдігер бар. Біз қазір жәдігерлердің каталогын жасап жатырмыз. Біздің музей қоры өте бай. Мұнда шаң басып жатып қалған, бұрын көрмеге мүлдем шықпаған жәдігерлер де бар. Біз алдымен каталог жасап, әр жәдігерді түгендеп жатырмыз. Біріншіден, музейге келген адамға да ыңғайлы, музейде не бар дегенде кез келген адам емін-еркін осы каталогтар арқылы тауып алады. Екіншіден, тарихшы ғалымдарға да өте ыңғайлы. Музей – халықтық мұра. Ондағы әр жәдігердің қайдан келгенін, кім әкелгенін, кім тапсырғанын бәрін біз қазір таспалап жатырмыз. Өкінішке қарай, кей жәдігерлерді кімдер тапсырғаны белгісіз. Біздің музей қорында түпнұсқа жәдігерлер

өте көп. Мысалы, Дина Нүрпейісованың киген көйлегі бар, қазақтың бес қаруы бар. Бірақ осыларды кім ұстады, кім тапсырды деген ақпарат жоқ. Осыдан тағы бір проблема шығады. Біздің музейде ғылыми бөлім жоқ. Алдағы уақытта осы бөлімді ашып, әр жәдігерді зерттесе деп отырмыз. Сонда ғана тарих халыққа қолжетімді, түсінікті болады, – дейді Жантас Набиоллаулы.

ЖОЛБАСТАУШЫҒА ЖАРЫМАЙ ОТЫР

Жалпы, еліміздің музейлеріне тән бірқатар проблема бар. Олардың қатарында осы музей қорына арналған орын, жәдігерлер каталогы және гид тапшылығын атап өтуге болады. БҚО-да да бірнеше тілде еркін сөйлейтін гид тапшылығы байқалады. Музей басшылығы алдағы уақытта арнайы оқытуды да көздеп отыр. Қазіргі музейлердің тағы бір үлкен проблемасы – музейге адам тарту. «Телефонға телмірген адамзатты қайтпін музейге шақырамыз?» деген сауал әр музей жетекшілерінің алаңдатыр сөзсіз.

Оралда белгілі саяхатшы, гид Айболат Құрымбаев есімді азамат бар. Қала тарихын жетік меңгерген. Қалаға келетін барлық қонаққа бір өзі гид қызметін атқарып жүреді. Әрі адамдарға танымдық турлар өткізеді. Көп елдің музейін аралап жүрген азамат болғандықтан, біз Айболат мырзадан музей ісін дамыту туралы пікірін сұраған едік.

– Еліміздегі музейдің көбі Кеңес үкіметі кезіндегі стандартпен жұмыс істейді. Ол деген әбден ескірді. Әр музей тарихында трансформация болу керек, жастарды көбірек музейге тартқан жөн. Музейдің концепциясын қайта қарау керек деп топшылаймын. Жақында Египеттегі музейді көрдім, орын кен. Біз жәдігерді жан-жақтан айналып жүріп, емін-еркін қарауға мүмкіндік бар. Ал бізде аядай залға толтырып, үйіп қоямыз. Египеттегі музей ішінде көдесейі дүкені бар. Ол жерден музей ішіндегі әр жәдігердің көшірмесін сатып ала аласыз. Сонымен қатар музей ішінен олар кофехана ашып қойған. Бұл да қазіргі замандағы адамдарды музейге тартудың құралы деп білемін. Адамдар емін-еркін музей аралап, әңгіме айтып, профессор ішіп, тартсады. Бізге осы дәстүрді енгізсе жақсы болар еді. Мысалы, Америкадағы музейлерде балалар зертханасы деген бөлімдер болады. Ол жерде балаға жәдігерлерді ұстап қарауға рұқсат етіледі. Біздегідей «ұстама, тиіме» деген жоқ. Адам музейге сол үшін барады. Бала қолмен ұстап көрмей бір нәрсені түсінуі қиын. Сол үшін балаларға арналған бұрыштарда осы үлгіні енгізу керек деп есептеймін. Бірақ елімізде музейлер қозғалмайтын, жәдігер сақтаушы орын есебінде ғана қабылданып келеді. Қазір музейді жарнамалап, адам тартудың жолы – әлеуметтік желілер, – дейді ол.

Сөз соңында БҚО тарихи-өлкетану музейінің директоры болашақта салынатын музейдің сызбасын дайындағалы жатқанын айтып қалды. Бәлкім, бізге де шынымен музей жанынан шағын кофехана мен кездесу орындарын ашу керек пе? Әлем қолданып жатқан тәжірибелердің ескерусіз калып жататыны тағы рас.

Қазақтың қарапайым асығы – ғасырлар бойы ұлт баласының қолынан түспеген, тәрбиенің, ептіліктің, зерденің құралы болған қастерлі ойыншық. Бір кездері ауылдың шаңды көшесінде асыр салып ойнаған балалардың қуанышы болған асық бүгін де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Керісінше, ұлттық мұра жаңа мазмұнмен жаңғырып, заманауи баланың дамуына қызмет етіп жатыр. Соның жарқын бір мысалы, Шымкент қаласының тұрғыны Жанна Шымырқызы бастаған ерекше бастама.



АНА АЛАҢЫН СЕЙІЛТКЕН АСЫҚ

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ЖҮРЕКТЕН ТУҒАН ТОЛҒАНЫС

Бұл жоба бизнес мақсатында емес, аналық аланнан туған. Баласының дамуындағы қиындықты жеңуге көмектестің жол іздеген ана ұлттық ойынға жүгініп, кейін бұл идея көптеген балаға пайдалы құралға айналды. Жаннаның ұлы Ахан 2022 жылы дүниеге келген. Баласы екі жасқа толар-толмас кезінде оны балабақшаға береді. Алайда арада көп уақыт өтпей-ақ тәрбиешілер мен психолог баланың дамуында ерекшелік барын айтып, ата-анасын әңгімеге шақырды.

«Бір аптадай өткен соң балабақша психологы шақырып, баламның жасына

соның негізінде калып жасадым», – дейді Жанна.

Ол компьютер арқылы киіз үйдің макетін сызады. Содан кейін арнайы ұяшықтары бар тақта жасайды. Ал түрлі түске боялған асықтар сол ұяшықтарға орналастырылады. Алғашында бұл ойын баласына қызық бола ма, болмай ма деген күмән де болған.

«Бірінші асықтарды көрсеткенде-ақ балам олардың түсіне қызықты. Кейін қатарымен коюды үйреттім. Сосын түстеріне қарай бөлуді, ұяшығын табуды, жинақтауды үйреттім. Біртіндеп баламның зейіні арта бастады», – дейді ана.

БІР БАЛАДАН БАСТАЛҒАН ИГІ ІС

Баладағы кішкентай өзгерістер ана үшін үлкен үміт еді. Жанна осы ойынды

БІР ҮМІТ, ЖҮЗДЕГЕН МҮМКІНДІК

Алғашында ойындарды балабақша тәрбиешілері мен үйде отырған аналар сатып алады. Кейін арнайы балаларды дамыту орталықтары қызығушылық таныта бастайды. «Қаладағы 7-8 орталық мамандары үйіме келіп алып кеткен кездер болды», – дейді ол. Осыдан кейін Жанна тек киіз үй пішініндегі ойынмен шектелмей, асық арқылы ойналатын түрлі дамытушы ойынды құрастыра бастайды.

Жанна Шымырқызы асықпен ойнаудың бала дамуына берер пайдасы көп екенін айтады. Оның айтуынша, ойын арқылы баланың ұзақ моторикасы дамиды, сауақпен ұстау дағдысы қалыптасады, зейіні тұрақталады және ойлау қабілеті артып, ең бастысы, телефоннан алшақтай бастайды.

«Балам асықтарды бір-біріне соғып ойнайды, ұшырады, қатарлап тізеді, бір жерден екінші жерге тасиды. Кейде ойыншық көлігіне тиіп, жүк сияқты төгіп ойнайды. Яғни, қарапайым асық баланың қиялын оятып, түрлі ойын құрастыруына мүмкіндік береді», – дейді ол.

Қолданатын асықтар табиғи асықтың негізінде жасалған. Табиғи асықты алып, формасын жасап, қалыпқа құйған. Асықтарды жасау үшін арнайы экологиялық материалдар пайдаланылады. Ойыншықтар смола, сұйық пластик және экопластик сияқты материалдардан жасалады. Бір асықты жасау үшін шамамен



сай дамымай жатқанын айтты. Алғашында сенбедік. Еркелік шығар, бәлкім қызғаныш болар деп ойладық. Өйткені одан кейін дүниеге келген кішкентай сәбиіміз де бар еді. Баланың мінезі, қырсықтығы деп қабылдадық», – дейді Жанна.

Алайда уақыт өте келе күмән күшейе түседі. Ата-ана бірнеше дәрігердің қабылдауына барады. Невропатологтар баланың дамуында кешеуілдеу бар екенін айтады. Мамандар кейбір белгілердің аутизм спектріне ұқсайтынын да ескертті. «Сол кезде біз баламызды қалай өз қатарынан қалдырмаймыз, қалай көмектесеміз деп көп іздендік», – дейді ол. Баласы әлі кішкентай болғандықтан, оны логопед немесе дефектолог мамандарға толыққанды апаруға ерте деп санайды. Оның үстіне, Жаннаның қолында он айлық сәбиі бар еді. Бала тәрбиесі мен үй шаруасының арасында арнайы орталықтарға жиі бару оңай емес.

Дегенмен Жанна қарап отырмайды. Өзі бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан, көрнекті құралдармен жұмыс істеуге дағдылы. Сондықтан баламен үйде қалай жұмыс істеуге болатынын интернеттен іздеп, түрлі әдісті зерттей бастайды.

«Баланың жасына сай ойындар, даму жаттығулары туралы оқыдым. Бірде жапондық ғалымдардың көдімгі қораптан жасалған қарапайым ойын үлгісін көрдім. Соны жасап көрдім, бірақ балама мүлде қызық болмады. Сол сәтте ойыма қазақтың ұлттық ойыны – асық ойыны келді. Мен бұл ойынды киіз үйдің пішінінде жасап, асықтармен ойнаттым. Ойын жасау оңай болған жоқ. Ең алдымен қауіпсіз материал табу керек болды. Баланың денсаулығына зиян келмейтін, сапалы әрі берік материалдарды іздеп, түрлі шеберлік сабағына қатыстым. Асық күйіп жатқан адамдар бар, бірақ олардың кейбірінде алшы жағы бар да, тәйке жағы жоқ. Яғни, толыққанды асық болмайды. Сондықтан мен табиғи асық тауып, оның оң және сол жұбын анықтап,

Ол компьютер арқылы киіз үйдің макетін сызады. Содан кейін арнайы ұяшықтары бар тақта жасайды. Ал түрлі түске боялған асықтар сол ұяшықтарға орналастырылады. Алғашында бұл ойын баласына қызық бола ма, болмай ма деген күмән де болған.

жетілдіре түседі. Түстерді, пішіндерді, ұяшықтарды көбейтеді. Осылайша, ойын біртіндеп баланың логикасын, зейінін, көп моторикасын дамытатын құралға айналады. Бүгінде бұл ойын тек оның баласына ғана емес, басқа балаларға да ұсынылып жүр. Әсіресе, ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналары қызығушылық танытып отыр. Қазақстанда кейінгі жылдары дамуында ерекшелігі бар балалардың саны артып келе жатқаны жиі айтылып жүр. Мамандар мұндай балаларға ерте жастан қолдау көрсету аса маңызды екенін айтады. Ерте диагностика, арнайы ойындар мен жаттығулар баланың әлеуетін ашуға үлкен мүмкіндік береді. Алайда көптеген ата-ана қажетті орталықтарға жиі бара алмайды. Біреудің қолында кішкентай сәбиі бар, енді бірінің тұрмыстық жағдайы қиын. Осындай кезде үйде қолдануға болатын қарапайым, бірақ тиімді құралдардың маңызы арта түседі. Жанна жасаған асық ойыны дәл сондай бастама-лардың бірі. Әйтсе де, ол бізбен әңгімесінде алғашқы жасаған асықтарының өзі ойналғандай шықпағанын жасырмады.

«Алғашқы шыққан асықтарым әдемі болған жоқ. Өзіме де ұнамады. Өзіме ұнамаған соң балама да көрсеткім келмеді. Бірақ топтап қалмай, қайта іздене басталым. Толық формасын тауып, дұрыстап жасап шыққаннан кейін ғана балама бердім», – дейді ол.

Бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан, көрнекі құралдармен жұмыс істеу оған тансық емес еді. Ол жасаған ойындарын әлеуметтік желіге де жүктеп бастайды. «Instagram-ға балама осындай ойын жасап бердім, қызығушылығы артты деп жаздым. Содан кейін адамдардан сұраныс келе бастады», – дейді ол.

24 сағат уақыт кетеді. Алдымен 12 сағат кептіріледі, кейін формадан алынып, жуылып, қайта кептіріледі. Киіз үй пішініндегі ойын да дәл осындай ұзақ еңбекті талап етеді. Оны сызу, қиып-жапсыру, дайындау, барлығына мұқият жұмыс қажет. Жаннаның айтуынша, балаларды ұлттық ойындарға қызықтыру ең алдымен ата-аналарға байланысты.

«Балаларға ойынның қалай ойналатынын, оның пайдасын түсіндіру керек. Мысалы, асықтың әр қырының өз атауы бар: алшы, тәйке, бүк, шік. Осыларды түсіндіріп, таныстырса, балада ойынға деген қызығушылық арта түседі. Қазақтың басқа да ұлттық ойындары асық ату, бес тас сияқты ойындарды да балалар қызыға ойнайды. Ұлттық ойындарды жандандыру үшін алдымен өзіміз балаларға оның мәнін түсіндірейік», – дейді ол.

Бүгінде Аханнның жетістігі көп. Сөйлеп бастаған, шақырғанға қарайды, кімнің кім екенін, ата-анасын, туыстарын таниды. Зейіні қалыптасып, тұрақтала бастаған. Алғашында отбасы мүшелері бұл істі толық түсіне қоймағанымен, кейін оның нәтижесін көріп қолдай бастайды. Әсіресе, жолдасының қолдауы Жаннаға үлкен күш берген. Ол бұл істі тек кәсіп деп қарамайды.

Бүгінде Жанна жасаған асық ойындары көптеген баланың қолына жетіп жатыр. Әсіресе, ерекше білімді қажет ететін балалар үшін бұл ойын пайдалы құралға айналып үлгерген. Қарапайым ғана асық бір ананың үмітін оятып. Сол үміт енді басқа ата-аналарға да сенім беріп отыр. Ұлттық ойынның жаңғыруы кейде үлкен жобалардан емес, дәл осындай аналық жүректен басталады.

АЙМАҚ

17 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН РЕФЕРЕНДУМДА
ЖОҒАРЫ САЯСИ МӘДЕНИЕТІН КӨРСЕТТІ

Шығыс Қазақстан облысында жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі республикалық референдумда дауыс беру сәтті аяқталды. Орталық референдум комиссиясының мәліметінше, өңір тұрғындары жоғары азаматтық белсенділік танытты – сайлаушылардың 86,42%-ы дауыс беруге қатысып, бұл көрсеткіш республика бойынша ең жоғары нәтижелердің бірі болды.

Осылайша, аймақ халқы Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға деген сенімін паш етті. Көпшілігі бүгінде мемлекеттік саясат азаматтардың өмір сапасына тікелей әсер ететін нақты өзгерістерге бағытталғанын айтуға. Бұл өңірде жүзеге асырылып жатқан нақты жобалар мен бастамалар арқылы да көрініс тауып отыр.

Соңғы бір жыл ішінде Шығыс Қазақстанда инфрақұрылымды дамытуға және тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жоба іске асырылды. Ауылдарда коммуналдық мәселелер жүйелі түрде шешіліп келеді. Мәселен, Топқайың ауылында ауызсуға қатысты түйткіл түйінінің тарқатылуы тұрғындар үшін көптен күткен жаңалық болды. Бұл – елді мекен халқы үшін тұрмыс сапасын жақсартып, қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруге жасалған маңызды қадам.

Өңірде спорт инфрақұрылымы да қарқынды даму үстінде. Бозанбай және Таврия елді мекендерінде заманауи денешынықтыру-сауықтыру кешендері ашылды. Аталған нысандар балалар мен ересектерге спортпен айналысуға және белсенді демалыс өткізуге барлық мүмкіндік жасап, саламатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жол саласында да елеулі өзгерістер байқалады. Өңірдегі маңызды жолдардың бірі – Өскемен – Риддер жолын жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар Осинов асуын айналып өтетін жол құрылысы аяқталуға жақын. Көп жыл бойы Шығыс Қазақстанның көлік жүйесіндегі ең күрделі жобалардың бірі саналған бұл жол пайдалануға берілгеннен кейін жол қауіпсіздігі мен көлік қатынасының қолайлығы айтарлықтай жақсара түспек.

Әлеуметтік салада да он өзгерістер бар. Өңірде жаңа мектептер салынып,

балабақшадағы кезек жойылды. Елді мекендерде заманауи медициналық нысандар ашылып жатыр. Риддер қаласында жаңа көпсалалы аурухана кешені өз жұмысын бастады, ал Өскеменде өңірдегі ең ірі медициналық нысандардың біріне айналатын Гематология орталығының құрылысы аяқталуға таяу.

Бұл өзгерістердің барлығын облыс тұрғындары өз көздерімен көріп-біліп отыр. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың басты назарында адам, оның әл-ауқаты, қауіпсіздігі және болашаққа деген сенімі тұрғаны жөніндегі пікір жиі айтылуда.

Айта кету керек, Шығыс Қазақстанда референдумға дайындық екі айға жуық уақыт бойы жүргізілді. Жаңа Конституция жобасы 12 ақпанда жарияланғаннан кейін өңірде ауқымды ақпараттық-түсіндіру науқаны басталды. Өңірлік штаб жұмысына 500-ден астам адам, жүздеген ерікті мен қоғам белсендісі қатысты. Олар тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен және түрлі әлеуметтік топ өкілімен кездесулер өткізіп, ақпараттық материалдар таратып, Ата Заңға ұсынылып отырған өзгерістерді жан-жақты түсіндірді.



Үгіт-насихат материалдары қаладағы көшелер мен даңғылдарда, сауда орталықтарында, қоғамдық көліктерде және адам көп жиналатын басқа да орындарда орналастырылды. Штаб мүшелері әр тұрғынға ақпарат жеткізуге тырысып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, ел болашағына қатысты ұсыныстарды талқылады.

Сонымен қатар референдумға дайындық ірі қоғамдық шаралармен қатар жүрді. Мәселен, 28 ақпанда Maxi Mall сауда-ойын-сауық орталығында «Жас-



тар тандауы – жаңа Ата Заң» атты live-концерт өтті. Оған шамамен 12 мыңға жуық адам жиналды. Көрермен алдында танымал әншілер Еркін Нұржанов, Sadraddin және Мирас Жүгінісов өнер көрсетті. Ал келесі күні өткен «Балықшы Fest» балық аулау фестивалі мыңдаған әуесқой балықшының басын қосты.

Облыс орталығы тұрғындары үшін тағы бір маңызды оқиға әлеуметтік осал

ғайлы болу үшін қоғамдық көліктерде тегін жол жүру ұйымдастырылды.

Талай жерде ауыл шаруашылығы жәрменкелері, мәдени іс-шаралар өтіп, жылы әрі мерекелік атмосфера қалыптасты. Қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылып, әуелете ән шырқалып, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды. Кейбір қатысушылар сайлау учаскелеріне түрлі-түсті костюмдермен, ертегі кейіпкерлері мен алып қуыршақтар образдарында келіп, ерекше көңіл күй сыйлады.

Дауыс беруге қоғамның түрлі топ өкілдері қатысты. Олардың қатарында көпбалалы аналар, еңбек ардагерлері, спортшылар, этномәдени бірлестіктер мүшелері, жұмысшылар мен қызметкерлер болды. Әсіресе, ел болашағын қалыптастыратын жастардың белсенділігі ерекше байқалды.

Жалпы алғанда, Шығыс Қазақстан облысында референдум тыныш, ұйымдасқан түрде әрі азаматтардың жоғары қоғамдық белсенділігімен өтті. Дауыс беруге халықтың көптеп келуі өңір тұрғындарының бірлігін, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп жатқан реформаларына толық сенімі мен қолдауын, елдегі маңызды қоғамдық-саяси процестерге қатысуға дайын екенін көрсетті.

Шығыс Қазақстан кезекті рет азаматтық жауапкершілік пен саяси мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетті. Өңір адамды, оның құқықтарын, әл-ауқатын және болашаққа деген сенімін басты құндылық ретінде сақтай отырып, алға қарай зор сеніммен қадам басып келеді.

Ә.МҰХАНБЕТ

КӨШКІННЕН КЕЛЕР
ҚАУІП БАР

Алматыда әлі де көшкін қаупінің жоғары деңгейі сақталып отыр. Бұл – жыл сайын қайталанатын табиғи құбылыс. Десек те, осыған қарамастан ескерту дабылын елемей, жоспарсыз тауға бағыт алатындар бар. Сол себепті, қауіпсіздік сақшылары қолайсыз кезеңде қала тұрғындары мен қонақтарына тауға шықпауға кеңес береді.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

КӨШКІН ҚАУІП ЖОҒАРЫ
165 УЧАСКЕ БАР

Қазіргі уақытта Алматы қаласы тауларында көшкін қаупі жоғары 165 учаске тіркелген. Оның ішінде, тұрғын үйлер мен инфрақұрылым нысандарына тікелей қауіп төндіретін 14 учаске бар. Осыған байланысты «Қазселденқорғау» мамандары көшкін қауіпін сейілету үшін арнайы бекітілген кестеге сәйкес, қауіп деңгейі сақталған учаскелерге тұрақты мониторинг жұмысын жүргізіп отырғанын мәлімдеді. Бұл туралы газетімізге «ҚР ТЖМ Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасы басшысының орынбасары Әлішер Токтасын айтып берді.

– Қар көшкіні жағдайы тұрақты бақылауда. Қар қалың түскен жағдайда демалушылар мен туристердің

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қар массаларын алдын ала профилактикалық түсіру жұмысы атқарылып жатыр. Сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтарына ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіліп, қауіпсіздік шаралары туралы хабарламалар мен брошюралар таратылды, – деді ол.

Алматыда көшкін қауіп жоғары аймақтардың картасы соңғы рет 2024 жылдың желтоқсан айында жаңартылған. Құжатта Қотырбұлақ, Кіші және Үлкен Алматы өзені алаптарындағы қар көшкіні жүруі ықтимал беткейлер нақты белгіленіп, әр учаскеге қауіп деңгейі берілген. Алайда картадағы қызыл аймақтардың саны азайған жоқ. Керісінше, жыл сайынғы жауын-шашын мөлшерінің артуы мен ауа райының құбылуы қауіп-қатерді одан сайын күшейте түседі.

– Қазір Алматы қаласының таулы аймақтарында қар көшкіні қауіп жоғары деңгейде сақталған. Әсіресе, көктем мезгілінде күннің жылынуына байланысты қар жамылғысының тұрақтылығы әлсіреп, қар массасының өздігінен төмен сырғу ықтималдығы артады. Қар көшкіні тек биік тау бөктерлеріне ғана емес, сол аумақтарда орналасқан тұрғын үйлерге, инженерлік инфрақұрылым нысандарына, автомобиль жолдарына және туристік бағыттарға елеулі қауіп төндіреді. Таулы аймақтарға демалысқа шығатын тұрғындар мен қонақтардың қауіпсіздігі де ерекше назарда болуы қажет. Мұндай жағдайда ең маңызды атқарылуға тиіс шаралардың бірі – профилактикалық жұмыс, яғни алдын ала қар массасын түсіру жұмысын жүйелі түрде жүргізу, – деді Әлішер Жәнісұлы.



А Алматыда көшкін қауіп жоғары аймақтардың картасы соңғы рет 2024 жылдың желтоқсан айында жаңартылған. Құжатта Қотырбұлақ, Кіші және Үлкен Алматы өзені алаптарындағы қар көшкіні жүруі ықтимал беткейлер нақты белгіленіп, әр учаскеге қауіп деңгейі берілген. Алайда картадағы қызыл аймақтардың саны азайған жоқ.

15 ГРАДУСТАН ЖОҒАРЫ
БЕТКЕЙДЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУҒА
ТҮЙІМ САЛЫНҒАН

Кейінгі жылдары Алматының таулы аймақтарындағы құрылыс мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Қоғам белсенділері мен жергілікті халық тау бөктеріндегі кез келген жаңа құрылыс экологиялық тепе-теңдік пен қауіпсіздікке қатер төндіруі ықтимал екенін алға тартады. Өйткені дәл осындай аумақтарда орналасқан нысандар қар көшкіні қауіпін артты-

рады деген аландаушылық бар. Қала әкімдігінің дерегіне сүйенсек, 2024 жылы наурыз айында жарияланған ақпаратқа сәйкес, тау бөктерінде заңсыз құрылыстың 54 фактісі анықталып, олардың 46-сы бойынша сотқа талап-арыз жолданған. Оның 30 жағдайы қала пайдасына шешілген. 2022 жылдың жазында мәслихат функциялы аймақтарды дамытуға арналған қала құрылысы регламенттеріне өзгерістер енгізіп, 15 градустан асатын беткейлерде құрылыс салуға тыйым салды. Бұл нормалар Алматы қаласы-

ның 2040 жылға дейінгі бас жоспарына енгізілген.

– Біздің мекеменің негізгі қызметі – төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпті табиғи процестердің салдарын болдырмау. Осыған байланысты біздің тарапымыздан қауіпті учаскелерде орналасқан нысандарға тұрақты түрде ескерту және алдын алу шаралары күшейтілді. Қар көшкіні қауіп бар аумақтарда орналасқан тау-шаңғы курорттарына, демалыс орындарына, тұрғын үй иелеріне, визит-орталықтарға және өзге де нысандарға түсіндіру жұмысы қолға алынып, қауіпсіздік талаптарын сақтау жөнінде жазбаша ескерту қағаздары табысталады, – деді «ҚР ТЖМ Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасы басшысының орынбасары Ә.Токтасын.

Бүгінде Алматы қаласында Қар-Ғалы, Үлкен Алматы және Кіші Алматы өзен алаптарында жалпы саны 8 селден қорғау бөгеті орналасқан. Әлішер Жәнісұлының дерегіне, аталған гидротехникалық құрылыстың барлығы бекітілген жоспарға сәйкес тексеруден өтіп, мамандар оның техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізеді. Тексеру барысында бөгеттердің конструктивтік элементтері, су өткізгіш құрылыстары мен жиналған шөгінділердің көлемі бақылауға алынады. «Анықталған кемшіліктер бойынша уақытылы жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары ұйымдастырылады. Сонымен бірге сел қауіп жоғары кезеңде қажет болған жағдайда арналарды тазалау және алдын алу шаралары жүзеге асырылады», – деді маман.

Естеріңізге салсақ, осыған дейін Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті таулы аудандарда тау көшкіні қауіпін арттыруға байланысты шұғыл мәлімдеме жасаған еді. Синоптиктердің сөзінше, ауа райының құбылуы мен қардың қалыңдығы кез келген уақытта көшкінге ұласуы ықтимал. Сондықтан белгіленген шектеулер таудағы ахуал тұрақталғанша күшінде болады.

НАУРЫЗНАМА

17 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ



ШАШЫЛҒАНДЫ БҮТІН ЕТКЕН – ШАҢЫРАҚ

Наурызанама онкүндігіне сәйкес, бүгін «Шаңырақ күні» аталып өтіледі. Халқымыздың сан ғасырлық рухани қазынасының өзегінде отбасы құндылығы тұр. Ол тікелей «Шаңырақ» сөзімен астасып жатыр десек, қателеспейміз. Осы ұғыммен сабақтас «шаңырақ көтеру» атты тағылымды салт-дәстүр қалыптасқан. «Шаңырағың биік болсын!» деу отбасыға арналған ең ізгі ниеттің бірі саналады.

ӘУЛЕТТІҢ СИМВОЛЫ

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, былтыр Қазақстанда 114,5 мың жұп шаңырақ көтерген. Бірақ қазақ ұғымындағы «шаңырақ көтеру» тіркесі жай ғана екі жастың некеге тұруын білдірмейді. Танымалымыздағы шаңырақ – әулеттің жалғастығы мен ұрпақ сабақтастығының, берекесі мен бірліктің, тұтас бір өмірлік жауапкершіліктің символы. Тарихшы-этнограф Жамбыл Артықбаев «шаңырақ» сөзінің қазақ дүниетанымындағы мәнін, рухани-мәдени мағынасы да айрықша екенін айтып берді.

«Шаңырақ» ұғымын кең мағынада да, тар мағынада да түсіндіруіміз керек. Олай дейтініміз, бәріміз шаңырақты киіз үйдің негізгі элементінің бірі екенін білеміз. Ал кең мағынада бұл – жай ғана киіз үйдің бөлігі емес, ол қазақ дүниетанымында терең мәнге ие символдық ұғым. Мәселен, қазақта «шаңыраққа кара» деген сөз бар. Егер бөтен адам сый-құрмет сақтамаса, «шаңыраққа кара» дейді. Мұның астарында «әркім өз үйінің, өз елінің иесі болуы керек» деген түсінік жатыр. Сол сияқты «жаман үйді қонағы билейді» деген мақал бар. Бұл жерде де шаңырақ иесінің билігі әлсіреп, оның орнын бөтеннің басқарып тұрғаны мензеледі.

Шаңырақ ұғымы қазақ санасында әулетпен, ұрпақпен, отбасының жалғасымен тікелей байланысты. Кейбір ауыр кезеңдерде ер азаматтардың қырылып, тұқымның үзіліп қалатын жағдайлары болған. Мысалы, XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық кезінде талай шаңырақ күйреді. Бұл жерде біз бір үйдің құлауын ғана емес, жеті аталдан бері жалғасып келе жатқан тұтас бір әулеттің үзілуін айтып отырмыз. Сондықтан «шаңырағы құлады» деген сөз – бір отбасының немесе әулеттің қайғылы тағдырыға ұшырағанын білдіретін аса ауыр ұғым», – дейді ғалым.

Шаңырақтың халықтың түсінігінде алар орны ерекше. Қазақ шаңырақты қашанда қасиетті санаған. Тарихшының айтуынша, ертеде киіз үй тіккен кезде шаңырақты тек ер адам көтерген. Көш кезінде де шаңырақты жинау ер адамның міндетіне кірген. Яғни, бұл – ер азаматтың отбасы алдындағы орны мен жауапкершілігін танытатын белгі. Қазақ шаңырақты аяқасты етпеген, аттамаған, бас-

паған. Қысқасы, шаңырақ – ер азаматтың міндетімен, әулеттің амандығымен, отбасының тұтастығымен сабақтас ұғым.

«Қазіргі қоғам, әрине, ала-құла. Бүкіл дәстүрді бұрынғы қалпында толық сақтап тұруға бүгінгі қоғамның мүмкіндігі жете бермейді. Оның да тарихи себептері бар. Біз ХХ ғасырда тоталитарлық жүйенің, казармалық социализмнің қысымын көрдік. Сондықтан бүгінгі қоғам кейбір төл дүниелерге әртүрлі қарайды. Соған қарамастан, қазақ қоғамы біртіндеп енесінен тіктеп келеді деп ойлаймын. Тоталитарлық кезеңді, қорқыныш пен кіріптарлықты көрген жасқаншақ буынның орнына еркіндікті сүйетін, ешкімге тәуелді болуды қаламайтын жана ұрпақ өсіп келеді. Шаңырақты қастерлеу дегеніміз – ата салтын қастерлеу. Сондықтан шаңырақты отбасының, әулеттің, тіпті рудың символы ретінде бағалап, оның қадірін ұмытпауымыз керек», – деп сөзін түйді профессор Жамбыл Артықбаев.

МӘУЕЛІ ОТБАСЫ

Ақтөбеде бір шаңырақ бар. Ол шаңырақ – керегесі кең, табалдырығы биік болғандықтан емес, жүрегі кең болғандықтан киелі. Өмірхан мен Амангүл Жетесовтердің шаңырағында 28 бала өсіп-өніп жатыр. Соның 25-і – балалар үйінен бауырына басқан перзенттер. Туған



Бір шаңырақ астында әртүрлі тағдыр, әртүрлі мінез, әртүрлі жас өмір сүріп жатыр. Бірақ бәрін біріктіретін ортақ күш бар. Ол – отбасыға деген сенім. Жетесовтер әулетінің балалары өнерге жақын, музыкаға бейім. Амангүлдің өзі ән мен әуенге ғашық жан болғандықтан, барлық баласын өнерге баулыған.

анасынан емес, баққан анасының бауырынан жылу тапқан 25 түрлі тағдыр. Өздерінің үш баласын өсіріп жеткізген ерлі-зайыпты 2009 жылы алғаш рет балалар үйінен бала асырап алады. Жетесовтердің бала асырап алуындағы бір ұстанымы айрықша: олар бауырларды бір-бірінен айырмайды. Бір отбасынан бірнеше бала болса, бәрін бірге алады. Өйткені жетімдік – жалғыздықтың ең ауыр түрі. Ал бауырдан

айырылу сол жалғыздықты тіпті тереңдетіп жібереді. Сондықтан бұл шаңырақта тек балалар ғана емес, үзілейін деп тұрған бауырластық та қайта жалғанып жатады. Бұл үйдің үлкені отыз жасқа келіп, өз алдына отау құрып, ана атанып отыр. Ең кішісі – бес жаста.

«Анамнан алты жасымда айырылдым. Кейін өгей ана тәрбиесін көріп, балалық шағымның көп бөлігі интернатта өтті. Тағдыр ерте есейтті десем болады. Бала күнімнен жырға жақын болып өстім. Кейде мал бағып, кең далала жалғыз қалған сәттерім де аз болмады. Бірде Ақтөбе қаласындағы «Үміт» жетім балалар үйіне концерттік бағдарламамен бардым. Сонда кішкентай бір бала келіп, маған «өке» деп еркелеп жабыса кетті. Сол сәт жанымды ерекше толқитты. Қасымдағы келіншегім де әзілдеп: «Мынау сенің балаң ғой», – деген еді. Өзімнің екі қызым мен бір ұлым бар. Жалғыз ұлым серік болсын деген ниетпен кейін бір ұл баланы бауырымызға бастық», – дейді Өмірхан Жетесов алғаш рет бала асырап алған сезімін еске алып.

Бір шаңырақ астында әртүрлі тағдыр, әртүрлі мінез, әртүрлі жас өмір сүріп жатыр. Бірақ бәрін біріктіретін ортақ күш бар. Ол – отбасыға деген сенім. Жетесовтер әулетінің балалары өнерге жақын, музыкаға бейім. Амангүлдің өзі ән мен әуенге ғашық жан болғандықтан, барлық баласын өнерге баулыған. Соның нәтижесінде отбасылық «Шашу» халық ансамблі құрылған. Жаны ән мен әуенге құмар Амангүл 28 баласын да өнерге тәрбиелеген. Бүгінде отбасылық ансамбль талай сахнада ұлттық әуенді асқататып, күйден шашу шашып жүр.

БЕРЕКЕ КІРГІЗГЕН БЕС КЕЛІН

Отбасы – адам болмысы қалыптасатын орта. Әр адамның мінезі, өмірге көзқарасы, үлкенге құрметі мен кішіге ізеті ең алдымен осы шаңырақта орнығады. Қазіргідей алмағайып уақытта көпке үлгі болар, берекесі мен бірлігі жарасқан отбасылар да бар. Сондай тағылымды әулеттердің бірі – Атырау облысына қарасты Исатай ауданы, Х.Ерғалиев ауылының тұрғындары Иван аға мен Батима апаның шаңырағы. Бұл әулеттің ерекшелігі – бірлігінде. Бүгінде олардың бес ұлы, келіндері мен немере-шөберелері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазіргі кезде бір келіннің өзі түрлі себеп тауып, ата-енеден бөлек шығуды қалыпты құбылысқа айналдырып жатқанда, бес келіннің бір үйде жарасым тауып өмір сүруі – расында да, көпке өнеге. Иван аға мен Батима апа балаларына жас күнінен адальдықты, қарапайымдылықты, үлкенге құрмет пен кішіге қамқор болуды санасына сіңіріп өсірген. Сол тәрбиенің жемісін бүгін олардың ұрпағы көріп отыр. Бір әулеттің ұйытқысы бола білген Батима апаның айтуынша, енесімен өмір бойы қабақ шытқан кезі болмаған. Бүгінде сол көрген тәрбиесін өз келіндеріне үйретіп келеді.

ТӘУЛІК БОЙЫ ЖЫРЛАЙДЫ

Ақтөбе қаласында «Наурызанама» онкүндігінің Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні аясында «Жыраулар жолымен...» атты 24 сағаттық жыр кеші өтті.



Жыршылар алдымен насихат термелерін, халық әндері мен халық композиторларының әндерінен бастады. Жыр кешіне Азия мен Африка елдері бойынша GBR әлемдік рекордтар кітабының бас офицері Қуандық Құдайбергенов қатысып отыр.

Ақтөбедегі Халық шығармашылығы орталығында жыршылар терме, дастан айтты. Жыр кеші төрт бөлімге бөлінген. Алдымен насихат термесі, халық әндері жырланды. Ал II, III, IV бөлімдерде «Қырымның қырық батыры» жырланады. V–VI бөлімде «Діни қиссалар» мен «Насихат» термелері айтылады.

– Өте қысқа мерзімде шешім қабылданды. Шетелдегі 13 сарапшының ішінен төртеуі қарсы болды. Көпшілік қолдауымен жоба қолдау тапты. Негізі, Финляндия мемлекетінің эпосы әлемге танымал екен. Барлық эпосты, фольклорлық жырды рекордқа кіргізіп алған ел – осы. Басқа халық рекордқа кірмеген. Сөйтіп, ақтөбеліктер тұркітәң елдер ішінде, ұлы дала халықтары ішінде бірінші болып әлем рекорды кітабына енеді, – деді Қуандық Құдайбергенов.

Жыр жобасы рекордтар кітабының талабына сәйкес таспаға түсіріледі, арнайы сарапшылар тәулік бойы бақылап отырады. Жыршылар шығармашылық үйіне қонады, осында ауқаттанады. Олардың әрқайсысының өз кезегі бар.

Эпостанушы ғалым Аскар Тұрғанбаевтың айтуынша, «Қырымның қырық батыры» дастанын мамандар 1942 жылдан бастап жазып алған. Ақтөбелік жыр мектебінің жыршылары дәл сол нұсқаны орындайды.

«Ер Едіге» жыр мектебінің жетекшісі Әділбек Сариннің айтуынша, бұл күні 33 оқушы мен 2 мұғалім жыр айтады. Олардың бірі 4-5 сағат, тағы бірі 15-20 минут жырлайды.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ – САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай Ұлттық академиялық кітапханада «Ұлттық мәдениеттің негізі – салт-дәстүрлер» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Аталмыш кітапхананың ақпараттық-мәдени бағдарламалар бөлімінің әдіскері Таңшолпан Серікқызының айтуынша, бұл көрменің мақсаты – оқырмандарды қазақ халқының бай мәдени мұрасымен таныстырып, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, ырым-ғұрымдардың тәрбиелік мәнін насихаттау, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыру.

Кітап көрмесіне халқымыздың салт-дәстүрі, ұлттық дүниетанымы, әдет-ғұрыптары мен рухани мұрасы туралы жазылған еңбектер қойылды. Атап айтқанда, Өзбекәлі



Жәнібековтің «Дәстүр және уақыт», Дүнгенбай Ботпаевтың «Көктем кеші», «Қош келдің, Наурыз!», «Жана дәстүр, жана салт», Қасымхан Бегмановтың «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» төрт томдығы, Нұролла Ғазизовтың «Көктем көңілі», «Дәстүрлі атаулар», «Қазақтың бата-тілегі», «Салт-дәстүр сөйлейді», «Армысың, өз Наурыз!», Ұлықбек Есдәулеттің «Ұлыстың ұлы күні» сынды кітаптар ұсынылды.

Осы туындылар оқырмандарды ұлттық құндылықтардың мән-маңызын тереңірек тануға шақырып, халқымыздың рухани мұрасын дәріптеуге бағытталған.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНЗАКА –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rek.klana.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4717

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46

e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Кілемні үш қолжазбамен бірге асығын материалдар қабылданады.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ